


ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 11 | 2022

ZANMEDIA.KZ



**АЛАШЫНА
АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№11 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

АЛАШЫНА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

Д. ӘМІР

3

ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЖЫМДАҒЫ РӨЛІ

С. НАКУЛЛОВ

9

ТАТУЛАСУ ТАРАПТАР ҮШІН ТИІМДІ

О. БАҚТЫГЕРЕЕВ

12

ЖАҢАШЫЛ РЕФОРМАЛАР ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Ғ. ОҢЛАНБЕКОВА

15

ӘКЕДЕН — АҚЫЛ, АНАДАН — МЕЙІР

А. ДҮЙСЕНОВА

18

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНҒАНДАР КӨП

Т. ТІЛЕП

20

АДВОКАТ ПЕН ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНА ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

22

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОНЛАЙН АЛҒАН ТИІМДІ

Т. АУБАКИРОВ

25

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ҚАЛАЙ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Т. БЕРЛІБЕКОВА

27

БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

К. АЛИЕВА

29

АУДИТОРЛАРДЫҢ ЗАҢ ЖОБАСЫНА НАРАЗЫЛЫҒЫ БАСЫМ

Е. ЕРЖАНҰЛЫ

31

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ — ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Е. ЖЕҢІСХАН

33

ЖАЗАНЫ БЕЛГІЛЕУ — КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

А. МИЗАНБАЕВ

36

БӨЛШЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Н. НУРБАЙҚЫЗЫ

39

АЛАШЫНА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

Қазақтың арғы-бергі тарихында ұрпағы құрметпен еске алатын арда ұлдары көп еді, аумалы-төкпелі, аласапыран кезеңдер туғанда олар әрқилы тағдырды бастан кешті, өздері бақилық болғаннан кейін де олардың басына төнген қара бұлттың төбелерінде үйіріліп тұрып алғаны да рас.



Көзі тірісінде азапты ғұмыр кешкені аздай, қаншама заман өтсе де, алаштың аймаңдай ұлдарының абыройлы атағының аталуынан қорқатын, қолдарынан келгенше бөгет жасаған теріс пиғылдылар аз болған жоқ. Әрине, сол ымырасыз қарсылықтардың осы күнге дейін жалғасып келуіне, алаштың бағына жаратылған перзенттерінің жұртымен мәңгілік қауышуына не кедергі, бұған тосқауыл қойып келгендердің

көкейін тескен қандай мүдде екендігіне көзі жетпей, санасы сан-саққа жүгіріп, алаш жұртының да басы қаңғырған, дал болған кезеңдер өтті. Міне, еркін ой айта алатын шақ туғанда, алаштың таусылмас арман-тілегіндей, арыстарымыздың айықпас мұңына айналған тәуелсіздік таңы атқаннан бері көзіміз жете түскендей, қайыспас қара нардай, қайран ерлеріміз иықтарына зіл-батпан ауыр жүк артып, мәңгілік өлмейтін

ұлт мүддесін арқалап өмірден өткен. Бірақ, ғазиз бастары мейірімсіз, ымыраға көнбес дүлей саясаттың құрбандығына шалынса да, артына шынымен де мәңгілік өлмейтін, өшпейтін ұлы идея – ұлтының азатшыл мұратын өнеге етіп қалдырыпты!

Сондықтан да, Әлихан Бөкейхан бастаған алаш қаһармандарының идеясы халқымен бірге жасай береді, олардың өлмес рухы қазақ даласын кезіп жүр, ұрпақтарын желеп-жебеп, болашаққа әрі қарай да бастай бермек. Өйткені, халқымызда ұлт мүддесінен қымбат идея – одан асқан мақсат-мұрат болуы мүмкін де емес!

Біз барша алаш арыстарымен табысқанда, ұзақ жылдар, тіпті, өмір бойы көрмей келген жанашыр туысымызды тауып алғандай күй кештік, өйткені, кеңестік коммунистік саяси идеология олардың атын ататпауға жанын сала жұмыс істеді. Кеңестік әдебиетте алаш арыстары Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектердің есімдері қорқыныш тудыратын құбыжықтай сүйкімсіз сипатталып, өз халқына жаналғыш әзірейіл бейнесімен танылды. Ал өмір көшінің дөңгелегі айналып келгенде, алаш ұлдары бірінен соң бірі ақтала бастағанда, әдебиеттегі «ақтаңдақтардың» мәні де ашыла бастады. Өте өкінішті болса да, ақиқаты сол.

Біздіңше, қазақ әдебиетінің алдында ұлы міндеттер тұр. Ендігі көркем әдебиетімізде алаш арыстарының асыл бейнелері сомдалып, жұрты жастанып оқитын шынайы, жасампаз, ғұмыры мәңгілік әдебиет жұртының қолына тиер күн алыс болмас. Халқымен қауышқан қаһармандарымыздың қадірлі есімдеріндей, әдебиетіміз де жалған идеологиядан арылып, жаңаша сипатымен, азатшыл ой-көзқарастарымен нағыз тәуелсіз ұлт әдебиеті ретінде қалыптасарына сенімдіміз. Өйткені, көркем әдебиет әрқашан ұрпақ тәрбиесіндегі басты ықпалды орында қала берері анық. Әсіресе, алаш баласының елі мен жерін сүюдегі, адал қызмет етуіндегі әдебиеттің рөлі айрықша. Оны біз жас Әлиханның қалыптасу кезеңдеріне үңілгенде айқын аңдаймыз. Тіпті, оның алаш мүддесі үшін бел шешіп күрескерлік жолға түсуінде қа-

зақтың ескі салты, халықтың әншілік-жыршылық дәстүрі сақталып, мейлінше өрбіген Арқа өңірінде туып-өскендігінің әсер-ықпалы зор болғандығы оның өмір жолдарынан да, шығармашылық мұраларынан да жақсы аңғарылады. Біз бұл туралы Әлиханның ұлт мүддесі үшін қандай сара жолды таңдағаны, қай сүрлеуге түскендігімен байланыстыра тереңірек тоқталып, оралып соғамыз...

Алаш арман-тілегінің басты қаһарманы, азаттығының бейнесіндей тұлға, қиын заманда тәуекелге бел буып, көшін бастаған көсемі Әлихан Бөкейхан тұлғасы біздің дәуірімізде де өзгеше сипатымен көз тартады.

Ал жапон сүрлеуіне ынтығушылығы 1904–1905 жылдардағы жапон-орыс соғысы кезінде оянғанын ол 1910 жылы Санкт-Петербургта басылып шыққан «Қазақтар» атты очеркінде баяндаған. Әлихан жапондық сүрлеуі туралы ой-көзқарастарын былайша тарқатады: «Орыс-жапон соғысы басталды... Жеделхаттар жапондардың үзіліссіз жеңістері туралы хабарлар жеткізіп тұрды. Исламның жиһанкез насихатшысының аузынан бар жақсылық пен әділдік тек исламнан шығады деп еститін және оған орыстандыру саясатының тәжірибесі арқасында исламнан тыс еш жақсылық болмайтынына әбден көз жеткізген Дала халқы «жапондар қазақтармен ұлттық туыстығы бар мұсылмандар ғой» деген аңызға оп-оңай сеніп қалды. Портреттердегі жапондар мен қазақтардың бет-жүздерінің ұқсастығы ол аңызды растағандай болды. Міне, мұның бәрі оларды қатты қызықтырды...».

Қарапайым қатардағы дала қазақтары ғана емес, елден озып шыққан оқығандары да сол тұстарда жапон тақырыбына зор ден қойғандығын кейбір деректер растайды. Мысалы, Санкт-Петербургтың императорлық әскери-медицина академиясына оқуға түскен Халел Досмұхамедұлы 1904 жылы қазан айында Қазан қаласындағы мал дәрігерлік институтында оқитын досы Ғұбайдолла Бердіұлына былай деп жазыпты: «өзіңнен басқа ондаған, тіпті, жүздеген қазақ баласы жоғары білім алып жатқанын көріп, бұл ха-

лық та еңбекке, ілгері дамуға қабілетті, кім біледі, бір кезде ол да әлемдік үстемдікте құрметті орындардың бірін алар, ол да екінші Жапонияға айналар дегендей небір ойға келесің».

Міне, осы сықылды, сол кезеңдерде оқыған қазақ жастарын жапонның даму үрдісі қатты қызықтырған. Ал жиырма-сыншы ғасыр басындағы оқу-білімге құлшынған нақ осы толқынның халқын биікке алып шығам деп талпынып, тізе қосып, қатар түзеп еңбек етіп, ұлтын көгертсем деп белсеніп, күрес жолына шығып, Сұлтанмахмұт ақын айтқандай, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылғаны, сол талаптарының империялық дүлей саясат қысымына ұшырағаны да рас.

Алаш көсемі Әлихан болса, өз мақсатын жүзеге асыру үшін, әлеуметтік-экономикалық жағынан қазақ еліне ұқсастық тауып, жапонның «Мэйдзи төңкерісі» тәжірибесін бағыт етіп ұстанды. Бұл бағдарлама Жапонияда «Мэйдзи исин», яғни, «Мэйдзи жаңғыруы» деп аталған. Осы бағдарлама арқылы, жапон елі артта қалған аграрлық елден небары 21 жылдың ішінде әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналдырған. Жапонияда 1868–1889 жылдар аралығында іске асырылған осы саяси әскери және әлеуметтік-экономикалық реформа жиынтығы сол «Мэйдзи жаңғыруы» деген атауымен тарихқа енген. Мэйдзи саяси бағдарламасының нәтижесінде жапон ұлттық мемлекеті мен жапон ұлты қалыптасқан. Сірә, сол ерте кезеңнің өзінде Әлихан Бөкейханды қызықтырған, одан барша алаш қайраткерлерінің арман-тілегіне айналған осы жапондық даму үрдісінің өміршеңдігі және баянды болуының дәлелі сол, Жапония мемлекеті де сол кезеңдерден қазірге дейін түрлі қиындықтарды бастан кешіп, соғыстарға душар болса да, міне, жиырма бірінші ғасырда да сол көтерілген биігінен түспей, тіпті, одан әрі дами түскендігіне сіздер мен біздер куә болып отырмыз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ мемлекетінің Жапонияның екі үлкен қаласы Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасын тастап, күл-талқан

етіп, бұл елге орасан шығын келтіргенін әлем жұртшылығы жақсы біледі. Оның үстіне, жапон жерінде табиғи апаттардың да жиі орын алатыны белгілі. Осыларға қарамастан, өзінің даму сүрлеуін жаңылыспай тапқан жұрт екендігін олар әлемге дәлелдеумен келеді. Демек, Алаш көсемі Әлиханның бұл таңдауының негізі бар. Жапонияда сегундар үстемдік еткен мемлекеттік биліктің самурай жүйесінен тікелей императорлық билік пен ол жасақтаған үкімет басқаратын жүйеге көшті. «Мэйдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, елде жедел түрде батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарақ пен соғыс техникасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. «Мэйдзи жаңғыруы» реформасы жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы, салық, ағарту, білім беру салаларын қамтып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияға негізделген өнеркәсіптік өркендеу жолына түсті. Демек, өз елі үшін пайдасы тиер болса, жапондықтар түбегейлі өзгерістерден – реформалық батыл шешімдер қабылдаудан қаймықпайтын ел. Және бұл шешімдер уақыт озған сайын үнемі жаңаша ізденістер тілейтін, қоғам, орта жаңарған сайын реформалар жасау қажеттілігі туындайтын саясат пен экономикаға байланысты туындап отыр. Бірақ, осындай қуатты қоғамдық құбылыстар кезеңінде де, түбегейлі мемлекеттік саяси-экономикалық өзгерістер жағдайында да жапондар өздерінің халықтық бітім-болмысын сақтай алды, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына адал болып қалды. Ұлтын сүйген, елінің сан ғасырлық тарихын құрмет тұтқан алаш қайраткерлеріне – Әлихан мен оның мүдделес серіктестеріне осы жапондық мызғымас берік ұстанымның әсер етпеуі де мүмкін емес еді. Міне, осы «Мэйдзи жаңғыруы» тарихын әбден зерттеген Әлихан өз елінің даму бағытында дәл осы үлгіні айнытпай қолдануды жоспарлаған жоқ, олай етудің мүмкін болмасын да жақсы түсінді. Ол

екі ел тарихын салыстыра отырып, өзінше қорытынды жасады. «Жапондар 1868 жылға дейін қазақ елі сияқты артта қалған аграрлық ел болса да, тәуелсіз дербес мемлекет болып, жоспарлаған реформаларын сыртқы күштердің ықпалынсыз іске асырғандығына, ал Қазақстанның Ресейдің империялық езгісінде отырғандығына назар аударып, осы тұрғыдан салыстырма жасады. Сондықтан да, Әлихан құрған Алаш бағдарламасында еуропалық елдердің де, жапон елінің де реформаларының өнегесі көрініс тапқанымен, оны ешбір елдің көшірме үлгісі деуге болмайтын еді. Демек, Әлихан олардан, яғни, өзге мемлекеттер тәжірибесінен үйрене отырып, оқып-іздене отырып, өз елінің даму бағытында соны, тың жол іздегенде, қазақтың ескіден келе жатқан, тамырласқан арналарына, елдік негізіне көбірек арқа сүйеді дегеніміз дұрысырақ болар. Осы тұрғыдан келгенде, өзінің күрес жолындағы әуелгі әрекеттерінде ол орыс демократиялық күштеріне көбірек арқа сүйеген болатын. Ол басқарған ұлттық қозғалыстың мүддесі, әсіресе, 1905 жылы жарияланған әйгілі «Қарқаралы петициясынан» көбірек көрініс тапқан болатын. Сірә, ел мүддесі жолындағы аса ірі, кесек әрекет ретінде осы петицияның жариялануын атағанымыз жөн болар. Өйткені, нақ осы патшалық билікке жолданған петицияда Әлихан бастаған алаш қайраткерлері, әсіресе, жер мәселесін батыл көтерді, сөйтіп, столыпиндық реформадан кейін қауырт үрдіспен өрши бастаған Қазақстанға Ресейдің ішкі аймақтарынан переселендердің жаппай қоныс аударуы онсыз да ушығып тұрған империялық астамшылық бағытты одан әрі өрбіте түскендігіне ел атынан наразылық білдірді, мұндағы ең басты көтерілген мәселе – жер болатын. Бірақ, алаштықтардың осындай әділеттілікті талап еткен наразылықтарына қарамастан империялық озбырлық одан әрі жалғасып, кеңінен етек жая түсті...

Дегенмен, алаш қозғалысы да тоқталмастан, ел ішінде реформалық жоспарларын іске асыра берді. Өзінің «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында Әли-

хан Бөкейхан былай деген еді: «Қияметке дейін қазақ - қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзінің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып, «Қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан, «Қазақ әдебиетін» тұрғызып, сақтамақшы.»

Бір айқын байқалатыны – Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қай кездегі әрекеттерінен болсын, балаңдық байқалмайды, ол бірден, тіпті, сонау студенттік жас шағынан бастап саналы түрде туған халқы үшін күрескерлік жолға түсерін аңдатқан. Айтайын дегеніміз, тіпті, әуелгі күрескерлік бағытында масондықтар құрамына қабылдануында да, кадет партиясына кіруінде де адасушылық болды деп айтуға болмас еді, мұның бәрі елі үшін туған ердің жанталаса жүріп, тығырықтан шығудың жолын іздеген ізденіс жолдары болатын. Оның бұл ой-көзқарастарына орыстың демократияшыл өкілдері де құрметпен қарап, түсіністікпен қабылдады. Әлиханның орыстың зиялы қауымына ертерек танылып, зор беделге ие болуының да сыры осында деп ұғуға тиіспіз. Осылардың бәрін сараптай келгенде, Әлиханды екі қоғамның да, патшалық Ресей мен кеңестік дәуірдің де қайраткер тұлғасы деп танимыз. Бірақ, айырмасы сол, ол екі қоғамның да біржақты империялық мүддесін қорғаған емес, сол отаршылдық үстемдік жағдайында жүріп, ұлтына қызмет етуінен ешқашан бас тартпаған, империялық саясатпен алыса жүріп, туған халқының болашағы үшін күрескен, үнемі тығырықтан шығудың жолын іздеумен, іс-әрекет үстінде елі үшін жанын пидаеткен ұлы қайраткеріміз, шын мәнінде бас бола білген көсеміміз деп мақтан тұтамыз.

Әлиханның осы ұлы мақсаты – оның 1904 жылдан бастап, туған жұртына өзін-өзі басқару жүйесі – земствоны енгізу үшін жасаған іс-әрекетінен де байқалады. Мемлекеттік думаға депутат болып сайланған Әлихан ең алдымен, осы земство жүйесін енгізу талабын алға тартқан екен. Яғни, осы земстволық жүйе арқылы, қазақ иеленіп

отырған жерді қазақтың қауымдық меншігіне беру, қазақты әскери қызметке тарту, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ жеріндегі мектеп, медреселерде ана тілінде оқыту талаптарын билікшіл үкімет алдына мәселе қылып көтерген. Және ол еліне земстволық жүйе енгізу арқылы, қазақ жеріне дендеп еніп, жайлап бара жатқан келімсектер ағынын тоқтату мақсатын көздеген болатын. Осы мақсатына жетер алдында және ең бастысы, үлкен күрес, талаптарының нәтижесінде алаш автономиясы жарияланар алдында ол баспасөзде осы жеңістердің маңыздылығы жайында былай деді: «Алдымызда үлкен той. Жалпы жұрт жаңа болатын земствоға кіріспек. Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство қолға алып қылатын істің бір зоры – бала оқыту. Земство мектеп школ салады...». Осындай ел қамын жеген мақалалары «Қыр баласы» деген атпен жарияланып, қазақ даласына кең тараған, сол кездегі қазақ елі бұл мақалаларды ынтыға күтетін болған, яғни, алаш көсемінің үні – ел-жұртының сөнбейтін үміт шырағына айналған...

Сол кездегі алаш жұрты Әлихандай көсемін қалай сүйіп бағаласа, сол жұртымыздың бүгінгі ұрпағы да оған деген сүйіспеншіліктен суымайтындығына, айнымайтындығына күмәніміз жоқ. Әлиханның өзі айтқандай, қазақ – қазақшылығынан айнымайды, қай заманда болсын, халық нағыз ерлерін бағалай біледі, сүйеді, бір өзгермейтін, суымайтын сезім болса, ол жұртының Әлихандай адал перзентіне деген махаббаты. Осы тұрғыдан келгенде, 1917 жылғы аласапыран кезінде Әлиханның ел-жұртымен қауышқан сапары туралы жазылған мақала айрықша әсер етті. Бұл халқының нағыз адал перзентін қалай сүйіп, бағалайтындығына дәлел болғандай жүрекжарды ықылас кернеген, әрі өте қызықты, тартымды мақала болған екен, сол қауымның өз көсемдерін қалай қарсы алған көңіл-күйлері дәл қазіргі сәттің қуанышындай адам-

ды толғандырады, үңіліп көрейікші: «Кешке жақын Семейде 12-қазанда, бұрынғы жандарал мекемесі, Бостандық үйіне қарай топ-тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, тұрғын саудагерлер, қырдан келгендер де бар, сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің де мерейлері үстем, еңселері көтеріңкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұр. Бір-біріне жолыққанда, қуаныштан амандасуды ұмытып, сөздері: «Поезд қашан келеді?» деу ғана еді. Бұлар кімді тосады? Бұлардың поезд келген-келмегенінде не ісі бар? «Генерал-губернатор келеді, даяр болыңдар» деп жандарал әмір берді ме? Онда осындай қуана ма? Онда жалмауыздың жалғыз көзіндей маңдайы жарқырап, қазақтарды жолдан былай тұр деп, қойша үйіріп, сабап жүретін пристав-стражникиері қайда? Онда, «жұмысқа керек» деп, жиылған қазақтардың астарынан аударып алып жататын аттары қайда? Онда етектері да-лиып, мойындарына бір-бір сары жездерін салып алып, ерсілі-қарсылы шауып жүретін болыс, ауылнайлары қайда? Жоқ, мұның бәрінен де 27-ші ақпаннан бері қазақтың арқасы босаған, аяғы шешілген. Бұл қазақтар бұрынғыдай еріксіз, «қанын сорған битін» тосып жиылған қазақтар емес. Ерікті қазақтар, елге еңбегін сіңірген ерін тосып жиылған қазақтар еді. Ол ері кім еді? Ол ері:

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.

Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Алаш үшін зарығып бейнет көрген.

Заманда басқан аяқ кері кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.

Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын «бақ жұлдызына» көзі жеткен.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.

«Қайткенде алаш көркейер» деген ойдан
Басқа ойды өмірінде малданбаған –

Ғалихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді.
/«Ғалиханның Семейге келуі». «Сарыарқа». 1917 жыл. 13 қараша./

Міне, баспасөзде Семей қаласында алаш көсемі Әлиханды қарсы алуға жиналған жұрттың көңіл-күйі осылайша сипатталады. Жұртының оған деген сағынышты ілтипат, махаббатында шек жоқ деуге болар еді. Оның бәрін келтіріп жатпай, жалпы халықтың Әлиханға деген құрметінің қаншалықты екенін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңі арқылы берсек те жарар:

«Көш бастаған еріміз,
Қуанышта еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
көкіректен бүгін кеткендей,
Сізді көріп шеріміз.
Еліңіздің көріп бұл шағын,
Алаш туын һәм бағып,
көзбен көріп төленді,
көптен бергі теріңіз.
Алаш туын қолға алған,
қараңғыда жол салған,
Арыстаным, келіңіз!».

Барша халқының көсеміне деген қылаусыз сүйіспеншілігі осы жолдарға сыйып кеткендей.

Халықтың зор құрметіне, шексіз ықыласына Алаш көсемінің қайтарған жауабы, тіпті, таңдандырады: «Халық! Бұлай құрмет көрсетулеріңе лайықты еңбегім сіңді деп мақтана алмаймын. Бұрын мұндай құрметпен қарсы алынып көргенім жоқ, сондықтан құрметтеріңе лайық жауап беруге тосырқап тұрмын». Бар болғаны осы.

Әрине, мұны Әлиханның сөз таппай сасқаны дегеніміз білместік болар еді. Бұл тек халқына қызмет етуден өзге ештеңені ойламаған таза көкіректен шыққан халқының адал ұлының шынайы пейілі екендігі сөзсіз. Неткен қарапайымдылық! Бұл нағыз данышпанға бітер айрықша қасиет болар.

Кейін осы бір ғажайып әсерлі кездесу туралы, көздерімен көріп, куә болған бірталай қазақ зиялылары баспасөз беттерінде жазып, ойларын бөлісіпті. Солардың бірі Сәкен Сейфуллин осы кездесу туралы: «Семейде Әлекеңді ел құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады» – деп жазыпты.

Кейбіреулер «большевик-революционер болған» деп қаралайтын С. Сейфуллин ел тілегімен қоса, өзінің де Әлиханға деген зор құрметін аңдатып отыр емес пе? Кейде, тырнақ астынан кір іздеп, шолақ ой түйетіндерге не айтарыңды білмей, санаң шарқ ұратыны болады...

Жалпы, ұлылардың бір-бірін өзгелерден көш ілгері байқауына еріксіз таңданасыз. Семейдегі көсеммен кездесудегі толқулы жұртының көңіл-күйін дөп басқан Сұлтанмахмұт ақын Алашорда ұлттық-территориялық автономиясының төрағалығына Әлихан сайланғанда, тағы да жүрекжарды тілегін жеткізіп, былайша ағынан жарыла жыр жолдарын төккен екен:

«Ассалаумағалейкүм, данышпаным, қамын жеп мұсылманның алысқаным, көп айдың көрмегелі жүзі болды, жүрмісің, аман есен, арыстаным!».

Жалпы, қай заманда болсын, ел тілегін жеткізер ақындар болғанына дау жоқ. Жиырмасыншы ғасырдың басында Абайдың ақын серіктерінің бірі Көкбай Жанатайұлы Әлиханға деген ел махаббатын былайша сипаттаған екен: «Қарағым, жалғызымсың қазақтағы, ұл тумас сендей болып аз-ақ тағы, өгіз өліп, болмаса арба сынып, өмірің өткен жансың азаптағы...»

Сұлтанмахмұт ақын алаш көсемін «алаш туын қолға алған көш бастаған еріміз» деп жырға қосса, Сәкен Сейфуллин Әлиханды «елдің құдайдан сұрап алған жалғызы» деп сипаттайды, Көкбай ақын «қазақтың жалғызы» деп дараласа, бұл жыр жолдарының ұлт көсемі Әлиханға берілер ең әділетті баға екеніне осы күнгі ұрпақтың да келісері кәміл. Ұлт көсемінің әрбір ісі мен бастамалары, алаш мүддесін көздеген мазмұнды сөздері, ұлтшыл жүрегінен шыққан жалынды лебіздері біздің заманымыз үшін де маңызын жоймақ емес.

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫҢ ҰЖЫМДАҒЫ РӨЛІ

Мемлекеттік қызметшінің этикасы өте маңызды. Сондықтан, елімізде мемлекеттік қызметкерлердің этика кодексі қалыптасқан. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс» кодексі мемлекеттік қызметтегілер үшін қызметтік этика ережелерін белгілейтін норма ретінде белгіленген. Осы Ар-намыс кодексімен бірге Этика жөніндегі өкілетті тұлға туралы ереже де қабылданған болатын.



Серік НАКУЛЛОВ,
Алматы қаласы бойынша
Соттар әкімшісі басшысының
орынбасары

Атап өтер жайт, бұған дейін Қазақстанның мемлекеттік органдарында мұндай қызмет болмаған және бұл штат бірлігі барлық ұйымдарда болуы міндеттелді. Ол қызметті атқаратын адам ұжымда

Ар-намыс кодексінің қатаң сақталуын қадағалап қана қоймайды, сонымен қатар, әріптестерінің құқықтарын да қорғайды. Мысалы, этика жөніндегі өкілетті тұлғаға бастығыңыздың шектен тыс қатал екенін

айтып шағымдануға, жұмысқа деген қатынасыңыз қандай екенін бүкпесіз ашық айта беруге болады. Яғни, бұл маман ұжымдағы жағымды аураны қалыптастыруға, әріптестерінің ешқайсысының құқығы бұзылмауына оң ықпал ете алатын маман деуге болады.

Негізі белгілі бір ортадағы ұжым бұл өзара байланысты адамдар мен жеке тұлғалардың көптеген топтарынан тұратын күрделі жүйе. Мұндай ортада Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның болуы сол ұжымның ауызбіршілігін арттырып, еңбек тәртібінің күшеюіне оң ықпалын тигізеді анық. Осы орайда, аталмыш қызметке талдау жасаған тиісті органдар да алдын ала Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның ұжымдағы қызмет ахуалын жақсартып, барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыруына өз әсерін тигізеді деп болжам жасаған болатын.

Осы орайда, бүгінгі күні олардың үміті ақталды деуге де болады. Өйткені, Этика жөніндегі өкілетті тұлға ұжымдағы маңызды тұлғаға айналуда. Сондықтан, бүгінгі күні кез келген ұжымда Этика жөніндегі өкілетті тұлға қызметкерінің болуы маңызды болып отыр.

Негізі Этика жөніндегі өкілетті тұлға қызметіне кез келген адам тағайындалмайды. Ережеде бұл аса жауапты қызметті «ұжымда абыройы асып, құрметке ие болған адам» ғана атқара алады делінген. Сондықтан, абыройлы тұлғаның ұжымдағы сөзі де өткір, мойнына жүктелген жауапкершілікке де сай болуға тырысары анық.

Мемлекеттік қызметте қандай да бір мәселе туындап немесе мемлекеттік қызметкердің өз құқығын қорғауда заңсыздықтарға жол берілген жағдайда Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның функциясының маңызы зор. Мемлекеттік қызметшіге қажет кезде заңдық ақыл кеңес беру де оның басты міндеттерінің біріне жатады. Туындаған мәселені шешу үшін қажетті кезде лауазымды тұлғамен қажет болса

келіссөздер жүргізу, арағайындық жасап, ұжымдағы жағымды аураны қалыптастыруға тырысуға да Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметтегі кез келген ұжымның психологиялық моральдық ахуалын қалыптастыратын ең негізгі маман Этика жөніндегі өкілетті тұлға екенін оның атқарған әрбір ісінен аңғаруға болады. Мәселен, Этика жөніндегі өкілетті тұлға мемлекеттік қызметшілердің этикасына сай әділдік, ашықтық, адалдық пен сыпайылық қағидаларын үнемі ұстанып, халыққа талапқа сай қызмет ету қажеттігін мемлекеттік қызметшілердің «естеріне салып», тәрбиелік, түсіндірме жұмыстарын да жүргізіп отырады.

Ол түсіндірме жұмыстары тренинг, тимбилдинг, түрлі кездесулер немесе дөңгелек үстел түрінде өтуі мүмкін. Қажет болса олар аудандар мен аймақтарға барып, ол жерлерде түрлі шаралар ұйымдастырып, кез келген маманмен тең дәрежеде сөйлесе де алады. Әрі сол жұмыстарын әлеуметтік желіде арнайы парақша ашып халыққа көрсетіп, мемлекеттік қызметші мен халықтың арасын жақындатуға күш салу да аталмыш қызметшінің құзыретіне жатады.

Ұжымдағы қырғиқабақ аураның тігісін жатқызып, достық қарым-қатынас орнатуға да атсалысады. Өйткені, кез келген ұжымдағы қандай да бір келіспеушілік сол жердегі жұмыс өнімділігіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан, Этика жөніндегі өкілетті тұлға сондай ұжымдағы мәселелердің алдын алып, жағымды көңіл күй қалыптастыруға ықпал жасайды.

Қоғамда мемлекеттік қызметшіге қатысты қандай да бір дау туындай қалған жағдайда әлеуметтік желінің көмегіне сүйене отырып, халықпен бейнеконференциялар ұйымдастырып, шынайы ақпарат беріп, мемлекеттік қызметшінің дұрыс имиджін қалыптастыруға тырысу да Этика жөніндегі өкілетті тұлғаға жүктелген бір міндет.



Ұжымға келген жаңа қызметшіге мемлекеттік қызметшінің этикаларын таныстыра отырып, оның сол ортаға тез сіңісіп кетуіне де Этика жөніндегі өкілетті тұлға атсалысуы қажет. Қарап отырсақ, Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның ұжымдағы маңызы зор, ұжымда психологиялық моральдық ахуалды қалыптастырудағы рөлі де орасан екенін байқап отырмыз. Жалпы, мемлекеттік қызметкерлердің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексіне» бағына отырып еңбек етуі маңызды.

Өйткені, кодекс қағидаларын бұзып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке нұқсан келтіргендер үшін қатаң сөгістен бастап жұмыстан шығаруға дейінгі тәртіптік жауапкершілік қарастырылған. Соңғы жылдарда бірлі-жарым қызметтегі және одан тыс уақыттағы теріс қылығы үшін жұмыстан шеттетілген шенеуніктер осы кодекс талабына сай келмеуінен деуге болады.

Алдағы уақытта Этика жөніндегі өкілетті тұлғаның қызметі саладағы мұндай келеңсіздіктердің орын алмауына ықпал

етер деген үміт зор. Елімізде мемлекеттік қызметкерге қойылар талап та жыл өткен сайын жоғарылап келеді. Мәселен, мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысы олардың тәртіптік жазаларының болу-болмауына тікелей тәуелді болған болатын. Яғни, егер мемлекеттік орган қызметкері Ар-намыс кодексінің қағидаларын бұзып, сол үшін тәртіптік жазаға тартылған болса, еңбекақыға қосылатын үстемақыдан қағылады.

Сондай-ақ, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 12-ші қадамына сәйкес, әзірленген құжатта мемлекеттік қызметшінің жұмыс барысындағы іс-қимылының қағидасы, көпшілік алдында өзін-өзі ұстау ережесі, тіпті жұмыстан тыс уақыттағы жүріс-тұрысына дейін қарастырылған болатын. Аталмыш кодексте мемлекеттік органдарда жемқорлықтың алдын алу шараларына да басымдық берілген. Осы орайда мемлекеттік қызметкерді сыртқы қысымнан, ұжымдағы шектен тыс талаптардан қорғайтын бір тұлға болса ол Этика жөніндегі өкілетті тұлға болады деген сенім зор!

ТАТУЛАСУ ТАРАПТАР ҮШІН ТИІМДІ



Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» деп аталатын жолдауында еліміздің басты құндылығы – адам екеніне ерекше тоқталды. «Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» – деді.

Елімізде адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу және қоғамда адамдар арасындағы түсіністік пен үйлесімділікті дамыту үшін оны құқықтық нормалар арқылы реттеу басты назарға алынған.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген «ҚР Құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің мемлекеттің құқықтық саясаты саласындағы тиісті құжаттарын, ҚР Үкіметінің заң жобалау жұмыстары-

ның перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын, ҚР нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге негіз болды.

Тарихқа жүгінетін болсақ, тараптарды татуластыру шарасы құқық саласында ежелден бері қолданылып келеді, мұндай шаралар Вавилонда сауда жасау кезінде жүргізіліп отырған. Юстиниан кодексінде делдалдардың көмегіне жүгіну рәсімдерін қарастырған.

Медиаццияның заманауи түрінің дамуы XX ғасырдың екінші жартысында англо-саксон-



дық құқық қолданылатын АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, содан соң Еуропа мемлекеттерінде жүргізіле бастаған. Біздің халқымыз үшін әркезде татуласудың маңызы зор болған. Қазақ билері қандай болмасын дау бойынша шешім қабылдағанда «Дау мұраты – бітім» деген қағиданы басшылыққа алған, бұл медиаццияның элементтері еліміздің құқық тарихында ерекше орын алғанын айқындайды.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу үшін Жоғарғы Соттың бастамасымен «Сот жүйесін жаңғырту» бағдарламасы әзірленіп, оны жүзеге асырау үшін алғышарттар және мақсат пен міндеттер белгіленді. Сот жүйесінің «7 түйіні» анықталып, оларды шешудің жолдары айқындалды. «Медиацция туралы» заң да осы игілікті шаралардың кезекті жемісі. Осы заңның талаптарына сәйкес кәсіби немесе қоғамдық негізде медиацция жүргізу үшін тараптарды тартатын тәуелсіз жеке тұлға медиатор деп аталады.

Тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі – медиацция деп аталса, ал тараптардың медиацция басталғанға дейін дауды (дау-шарды) шешу мақсатында ме-

диатормен жасалатын жазбаша келісім – медиацция туралы шарт болып табылады.

Медиацция рәсіміне қатысатын жеке және заңды тұлғалар немесе топтар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар медиацция тараптары ретінде әрекет етеді.

Медиатор бейтарап болуға, медиаццияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиацция рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиаццияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

Медиаццияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстанның заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, араласуға жол берілмейді.

Медиаццияға қатысушылардың өздеріне медиацция барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиацция тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

Қазақстан заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, медиатордан медиацция барысында белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап алуға болмайды.

Медиаццияға қатысушының өзіне медиацция барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиацция тарапының рұқсатынсыз жария етуі ҚР заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Медиатор қандай да бір тарапқа заңдық, консультациялық немесе өзге де көмек көрсетуге құқылы емес. Кәсіпқой немесе қоғамдық медиатор болудың тәртібі де заңда реттелген.

Медиацця сот қарауында жатқан, жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын дауларды (жанжалдарды) реттеу кезінде медиацця туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуы керек. Қажет болған жағдайда медиаццияны жүргізу мерзімін тараптар кейіннен сотқа бірлескен жазбаша хабарлама жібере отырып, күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартуы мүмкін, бірақ ол жиынтығында күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

Азаматтық немесе әкімшілік процесс шеңберінде, сондай-ақ, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша медиацця іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс. Дау-шарды реттеу туралы келісімге қол қоюдан бас тарту медиацця тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының жағдайын нашарлата алмайды.

Некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін белгілеуге, ата-аналарының балаларды бағып-күтуге қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ, отбасылық қатынастардан туындайтын басқа да келіспеушіліктер медиацця арқылы шешілуі мүмкін.

Медиаццияны жүргізген кезде медиатор баланың заңды құқықтарын ескеруге тиіс. Егер медиацця барысында баланың қалыпты өсуіне және дамуына қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін немесе оның денсаулығы мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін фактілер анықталса, медиатор баланың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын органға жүгінуге міндетті.

Азаматтық немесе әкімшілік процесс барысында медиаццияны жүргізу кезінде та-

раптар қол жеткізген дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуінде іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісімді сот Азаматтық процестік кодексте және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен бекітеді.

Бұл ретте төленген мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексте (Салық кодексі) көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылуға тиіс.

Қылмыстық процесс барысында медиаццияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген, дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды жәбірленушімен татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Қылмыстық процесс барысында немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша медиацця тараптарды татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Мүлікті бөлу немесе мүлікті кепілге қою туралы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім ҚР заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін негіз болып табылады.

Дау-шарды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні күшіне енеді. Келісімді орындаудан жалтарған жағдайда мүдделі тарап келісім бойынша міндеттемені оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен орындау туралы арызбен сотқа жүгінеді. Әкімшілік сот ісін жүргізуде дауларды (жанжалдарды) қарау кезінде жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде ғана медиацця жасалады, мұндай мүмкіндік ҚР заңдарында тыйым салынбаған немесе тиісті жария-құқықтық қатынастың мәніне қайшы келмейтін жағдайларда жол беріледі.

Дауласқан тараптар арасындағы түсіністік пен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін медиаццияның маңызы ерекше. Мұны әркімнің білгені жөн.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖАҢАШЫЛ РЕФОРМАЛАР ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



Ғалия ОҢЛАНБЕКОВА,
Алматы қалалық мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының
судьясы

Ел тәуелсіздігін алғалы сот жүйесі үздіксіз дамып, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруге, сондай-ақ, судьялардың кәсіби білім-білігін көтеруге айрықша мән беріліп келеді. Соған орай, жүзеге асырылып жатқан заманауи реформалар жүйе жұмысын жаңа белестерге көтерді. Азаматтық қоғам мен құқықтық институттардың дамуы заң үстемдігінің артуына мүмкіндік беріп, халық үніне құлақ асатын мемлекетке жол ашты.

Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңымен судьялардың мемлекет тарапынан жасалатын әлеуметтік кепілдіктері жақсартылып, олардың жұмыс сапасына деген талаптар күшейтілді.

Судьялар съездері саладағы ірі реформаларға жол ашты. Солардың ең бастысы сот

құзыреті кеңейтіліп, судьялар сот төрелігін жүзеге асыруда тек заңға емес, әділеттілік атты аса маңызды моральдық, құқықтық және саяси ұғымға сүйенуге мүмкіндік алды. Соттар тәуелсіздігінің кепілдіктері айқындалып, биік әлеуметтік мәртебесі нық бекітілді.

Бүгінде сот өндірісі электронды жүйеге

көшіріліп, бірыңғай сот практикасы жолға қойылды, сондай-ақ, басы артық рәсімдер жойылды. Осы тұрғыда сот актілерінің жаңа параметрлері енгізіліп, жаңа типтік нысаны бекітілді. Судьяның электронды түрде рәсімдеген шешімі IT бағдарламада көрініп тұрады. Бұл үрдіс судьяның өзі шығарған әрбір сот актісінің сапасына жауапкершілігін арттырады.

Биылғы жылдың сот қызметкерлері үшін жаңалығы мол. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы бүкілхалықтық референдум негізінде өзгертіліп, Конституциялық Сот құрылды. Бұл сотты заң үстемдігін қамтамасыз етудегі ең ірі өзгеріске санауға болады. Көптен бері көтеріліп жүрген мәселе күнтізбелік мерекелер қатарына «Сот және сот қызметкерлерінің күні» енді, яғни, 24-маусым мереке күні болып белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған биылғы жолдауында да, біршама тың ұсыныс айтылды. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауының бесінші бағдарында Мемлекет басшысы қоғамда заң үстемдігі берік орнығуы мен сот төрелігінің әділ атқарылуына айрықша назар аударды.

«Кадр бәрін шешеді» қағидатына жүгінсек, сот төрелігінің әділ болуы судьялардың кәсіби білім-білігіне тікелей тәуелді. Сондықтан, Мемлекет басшысы судьялардың жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы жолында ең бірінші іріктеу процесін жаңарту мен олардың мәртебесін теңестіру қажеттігін айтты. Сондай-ақ, ол осы тұрғыда нақты ұсыныстар жасап, судьялар біліктілігін жан-жақты көтеру бағытындағы жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

Халыққа арнаған жолдауында Президент сот төрелігін атқарушылардың лауазымы жоғары әріптестеріне тәуелді болмауы үшін заман талабына сай, сот төрағасының лауазымын судья лауазымымен теңестіру керектігін ұсынды. Президент сот пен сот алқасының төрағалығына үміткерді судьялардың өздері сайлайтын тәсіл енгізу мәсе-

лесіне де тоқталды. Ал, Жоғарғы Сот судьялары таңдау арқылы сайланады. Бұл үшін Мемлекет басшысы үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынады. Соттарға мықты заңгерлерді тартуда материалдық жағдай жасаудың кезек күттірмейтінін де айрықша атады.

Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен елдің сот жүйесі мінсіз болса, бұл өз кезегінде беделді көтеріп, халықаралық кеңістіктегі мәртебемізді арттырады. Осы себепті, судьялардың дербестігін арттыру ешуақытта күн тәртібінен түспек емес. Бұл мақсатта ең алдымен ҚР Жоғарғы Сот кеңесінің құзыреті кеңейтіледі. Мысалы, судьялыққа үміткерлерді дайындау, олардың біліктілігін көтеру, сондай-ақ, судьяның шекті жасын ұзарту мен өкілеттігін тоқтату сынды шаралар, яғни, кадрларды іріктеуден бастап, барлық деңгейдегі соттарды тағайындауға ұсыным беруге дейінгі міндеттер осы кеңеске жүктеледі. Мұндай өкілеттіктер өз кезегінде Жоғары Сот кеңесінің рөлін одан әрі күшейтіп қана қоймай, оны нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналдырады.

Президенттің сот жүйесіне қатысты тың бастамалары мен ұсыныстары сала жұмысын нығайтары хақ. Бұған қоса жолдауда күштік құрылымдардың сотқа ықпалын болдырмау үшін судьялардың қызметіне араласатындар жауапкершілігін барынша арттыру қажеттігі айтылды. Судья тарапынан жіберілген өрескел қателік пен күшін жойған әрбір сот актісі Қазылар алқасының қатаң тексеруінен өтеді. Осылайша, сот төрелігін атқару сапасын жақсартуда судьяларды бағалау мен жауапкершілікке тарту тетіктері түбегейлі жаңартылады.

Апелляция институтында да өзгерістер болады. Нақты айтқанда, бұдан былай апелляциялық саты соты өзіне түскен істерді бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, олардың нақты мән-маңызы бойынша шешім қабылдайды. Мемлекеттің сот процесіне қатысуын азайту да өзекті мәселелердің бірі екенін алға тартқан Президент: «Түрлі өңірде ұқсас істер бойынша әртүрлі шешімдер қабылданып жайттар жиі кездеседі. Қазір цифр-

лық талдау жасайтын құрал әзірленуде. Сол арқылы сот төрелігін атқару ісін біріздендіруге мүмкіндік туады. Жоғарғы Сот осы интеллектуалды жүйені толық енгізуді тездеткені жөн» деді.

Бүгінде әкімшілік әділет институты қарқынды түрде жұмыс істеп жатыр. Яғни, әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігі, сондай-ақ, жария-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі ізгілік пен әділдікке жол ашты. Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын барынша кеңейту қашан да маңызды.

Президент жолдауда көтерген мәселелердің қатарында сот алымдарын қайта қарастыру, мемлекеттің сотқа қатысуын азайту, сот төрелігін атқару ісін біріздендіру, интеллектуалды жүйені толық енгізу сынды ауқымды шаралар бар. Бизнес өкілдерінің пікірлерін назардан тыс қалдырмаған Президент талап-арызда көрсетілген сомадан алынатын пайыз мөлшерін кемітуді, сол арқылы мүлік даулары бойынша алымды ойға қонымды деңгейде жоғарылату жағын қарастыруды ұсынды.

Соттар мен құқық қорғау органдарының іс-әрекеті әрқашан да қоғамның назарында. Сондықтан, бұл мәселеде тиянақты тапсырмалар жүктелді. Ең бастысы Президенттің қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялауы халық көңілінен шықты. Айта кетерлігі, рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы барлар мен мемлекетке опасыздық жасауға, билікті күшпен басып алуға әрекеттенгендерге және лаңкестік-экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, азаптаушыларға қолданылмайды.

Мемлекет басышысының қылмыстық заңнамаларды мұқият саралау, адам өлтіру, қарақшылық сияқты ауыр қылмыс жасағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатпау, отбасылық зорлық-зомбылыққа жазаны күшейту, сонымен бірге, нашақорлық, есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу туралы тапсырмалары жүйелі түрде іске асыруды талап етеді.

Жүйеде орын алып жатқан өзгерістер аза-

маттардың сотқа қолжетімділігін арттырып, ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуде. Кез келген азаматтың өз құқығын сот арқылы қорғауына жасалған мүмкіндіктер азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтуде.

Өркениетке ұмтылған жас мемлекетіміздің даму стратегиясын жүзеге асыруда сот жүйесінің алатын орны жоғары. Сондықтан, жүйедегі реформалар үздіксіз жалғасады. Ел соттарына дамыған әрі тиімді электронды технологиялар енгізіліп, сот өндірісіне қатысушылардың істің қозғалысы туралы жедел ақпарат алуына, шығарылған сот актілерімен танысуына барлық мүмкіндікті жасады.

Қазақстандық сот жүйесі мемлекеттік биліктің тәуелсіз және пәрменді тармағы болып табылады. «Алдымен – экономика, содан соң – саясат» формуласымен ілгерілеп келе жатқан еліміз үшін сот төрелігінің «Қара қылды қақ жарған» әділдігі, ел сенімін арттыратын ашықтығы, жариялылығы аса маңызды.

Аталған өзгерістер сот жұмысына жаңа серпін берері хақ. Бұған дейін әртүрлі азаматтық қоғам институттарының ұсынысымен енгізілген сот жүйесінің бағалау бастамалары да нәтижесіз емес. Жаңа реформалар қашанда жақсылықтың бастауы. Осы ретте, қазақстандық сот саласын түбегейлі жаңашыл өзгерістер күтіп тұр. Біліктілік пен білім, сауатты сарап – әділетті сот төрелігін атқарып жүрген әрбір судьяның өмірлік ұстанымы болуға тиіс.

Сот актілерінің ашық базаға салынып, оларды азаматтардың көріп-білуі, бұған қоса әр судьяның өзі шығарған шешімді түсіндіруі – Жоғарғы Сот төрағасының «Біздің істеріміздің барлығы тек бір маңызды мақсатқа бағытталған – біздің азаматтарымыз, бизнесмендер, шетелдік инвесторлар мен халықаралық серіктестеріміз қазақстандық соттарға сенуге және сенімді болуға тиіс» деген талабынан шығудың бір парасы іспетті. Ел сенімін ақтау жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар қазақстандық соттардың мақсаты айқын, бағыты анық екенін көрсетеді.

ӘКЕДЕН – АҚЫЛ, АНАДАН – МЕЙІР

Мамандықты, кәсіпті адам өзі таңдайды. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық азаматты құрметке бөлейді, мәртебелі, сыйлы етеді. Совет Мұхамбетқалиев осындай ерен еңбегі, әділетшіл мінезі, кәсіби шеберлігімен көпке үлгі болған тұлға. Оның сот саласында табан аудармай 41 жыл істеуі де осы сөзіміздің дәлелі.



Сот саласы кез келген маманды кәсібилікке баулиды, тәжірибені шыңдайды, әділет пен тәртіпке үндейді. Түсіне білген адамға оңай сала емес. Совет аға Ойыл және Байғанин аудандық соттарында ұзақ жылдар судьялық қызметін абыроймен атқарды. Қиындықта шыңдалды, ауыр да жеңіл істермен, алдына келген әртүрлі адами тағдырларды көріп білу, зерттеп-зерделеу арқылы тәжірибе қалыптастырды, шеберлігін тереңдетті, құрметке бөленді, еңбектің жемісін

жеді. Ардагердің өмір жолы көпке үлгі, жастарға өнеге. Жары Мәрия екеуі қиындықты қатар еңсере жүріп, он бір перзентті тәрбиелеп өсірді. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», – деген халық даналығы осындайда айтылса керек. Мұхамбетқалиевтер әулетінен тараған ұл-қыздар қазіргі таңда құқық қорғау саласында, заңгерлік қызметте табысты еңбек етуде.

Әкенің 41 жылдық еңбек тізбегін қызы Рахила жалғапты. Мектептен кейін Рахила

Советқызы Ресейдің Саратов қаласындағы Д.Курск атындағы заң институтына оқуға түсіп, оны үздік тәмамдап елге оралды. 1986-87 жылдары Ақтөбе облысы Пролетарь ауданындағы халық сотында сот отырысының хатшысы қызметін атқарды. Көрмекке, білмекке ұмтылған жас маманның қызметтік сатылары да осындай іргелі ордаларда жалғасты. 1987 жылы Рахила Советқызы Шалқар аудандық халық сотына судьялыққа тағайындалып, заң, құқық бағытындағы тәжірибесін шыңдады. Әке тәлімін негізге ала жүріп, абыройлы қызмет атқарған судья одан кейінгі жылдары Шалқар аудандық сотында, Қарғалы ауданында, Ақтөбе қалалық сотында өз қызметін мінсіз атқарды. 2012 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Рахила Советқызы Ақтөбе облыстық сотының судьясы болып тағайындалды. Ынталы шәкірттен салиқалы, сауатты судья деңгейіне көтеріліп, көп алғысына кенелген білікті маман, өз кәсібінің шебері, әділетті судья 2021 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Әулеттің өнегелі үрдісінен Мұрат Советұлы да қалыс қалған жоқ. Ол да әке салған сара жолға түсті. 2001 жылы Ақтөбе облыстық Соттар әкімшісінің сот қызметін үйлестіру бөлімінің бас маманы, 2005–2006 жылдары аталған бөлімнің бастығы, 2006–2012 жылдары Ақтөбе қалалық соттың судьясы, 2012 жылы Әйтеке би аудандық сотының судьясы қызметтерін атқарды. Заң, құқық саласын зайырлы мемлекеттің қастерлі символы есебінде қабылдайтын отбасының білікті перзенті көп алғысына бөленіп, мамандықтың мәртебелі биігіне жетті. Мұрат Советұлы Ақтөбе облысы Соттар әкімшісінің, ҚР Судьялар одағы Ақтөбе облыстық филалы төрағасының және ҚР Судьялар одағының Алғыс хаттарына ие.

Совет ақсақал заң саласын, әділет пен құқық бағытын таңдаған ұл-қыздарына білгенін айтып, өмірлік тәжірибелерінен бағалы бағдар берді. Судьялықтың халық назарындағы ауыр да жауапты міндет екенін, қазы кемеңгер, кемел, әділетшіл болса халық төбесіне көтеретінін, қазы жемқор, жалтақ, қиянатшыл болса жерге түсіретінін асқан көрегендікпен ұрпағының құлағына сіңісті

етті. Сот саласының замана көшінен қалмай дамуына осы Совет ағадай ардагерлердің өнегелі жолы түрткі, оның династиялық жолға ұласқан судьялық қастерлі кәсібі талай судьялар отбасына тамызық болды. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы ұрпақ мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі.

Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», – деген екен ақын Мағжан Жұмабаев. Бүгінгі сот жүйесі, құқықтық сала көптеген мектепті артқа тастады. Оның ішінде бүгінгі таңда бейнеттің зейнетін көріп отырған Мұхамбетқалиевтер отбасының судья ұл-қыздарының өзі талай шәкіртке үлгі, жол нұсқаушы ұстаз, тәжірибелі тәлімгер болып үлгерді. Халықшыл заңгердің еңбегі далаға кетпепті.

Совет ағаның кіші қызы Мұхамбетқалиева Гүлнар қазіргі уақытта Байғанин аудандық сотының кеңсе бас маманы, сот отырысының хатшысы. Кіші ұлы Мұхамбетқалиев Асқар Ақтөбе қалалық сотының кеңсе бас маманы, сот отырысының хатшысы. Асқар – құқықтану магистрі. Ол Ақтөбе қаласының мамандандырылған экономикалық сотында жұмыс атқарған.

Гүлнар да, Асқар да өз ұжымында сыйлы, білікті білгір мамандар. Ата жолын абыройлы алып жүру әр перзенттің парызы. Құрметті судья тағылымы тұтастай бір әулеттің мамандық таңдаудағы бағытын айқындапты. Мұхамбетқалиевтерге қарапайым халықтың қызметінде жүру, әділетті төрелік айтып, елдің лайықты адамына айналу – мақтаныш. Жылдарды жылдарға жалғаған жақсы үрдістің ғасырларға ұласуы да ғажап емес. Ендеше, Совет ақсақалдан бастау алатын заңгерлік кейінгі ұрпақтарына да жұғысты болсын. Кей адам ұрпағына мұра, қазына, байлық аманаттаса, Совет ақсақал ұрпағына мәртебелі мамандық заңгерлікті, өз өнегесімен, сара жолымен аманаттап, анықтап бергендей.

А. ДҮЙСЕНОВА,
Ақтөбе қалалық сотының кеңсе
меңгерушісі

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНҒАНДАР КӨП



Қаржы пирамидаларының не мақсатпен құрылатыны, зияны қандай екені бұқаралық ақпарат құралдарында күнделікті айтылып, заңдағы жауаптылық тұрақты түсіндіріліп келе жатыр. Соған қарамастан, қаржы пирамидасының құрығына түскен қазақстандықтардың қатары азаймай тұр. Керісінше, бірін-бірі еліктіріп, өзінің алданғанымен қоймай, туыс-жақы-

нын соңынан ерткен азаматтар бар тапқанын алаяқтардың қолына өз еріктерімен салып беруде.

Қаржы пирамидасын құратындардың нені көздейтіні түсінікті. Тақыр жерден кәсіп ашқан олардың тұтынушыларға ұсынатыны жылтыр сөз бен орындалмайтын уәде ғана. Көзі ашық азаматтар қаржы пирамидасының өз басшыларын жасырып, құжаттарын көрсетпейтініне, аз ақша салып

көп ақша беретініне, соңынан адам ертуге міндеттейтініне күдікпен қараса керек еді. Алайда қаржылық, құқықтық сауаты төмен жандар қаржысын салатын құрылымның тарихын тексеріп, жұмысын зерделеуге уақыт кетірмейді. Көпшілігі оңай жолмен тезірек байығысы келгендіктен пирамидалардың

қақпанына түсіп жатады. Алаяқтарға қатысты істердің бәрі заңды шешімін таба бермейді. Өйткені, алданғандардың басым бөлігі полицияға арызданбайды. Олар алаяқтың арбауына түскенін көпшілікке жария еткісі келмейді. Мұның өзі қаржылық қылмыстың өркендеуіне жанама ықпалын тигізіп отыр.

Ғаламтордағы онлайн бизнестің дамуы, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар қатарының көбеюі қаржы пирамидасын құрушылар белсенділігін бұрынғыдан да арттырды. Енді, тіпті, алаяқтар азаматтарды ғаламтордың ар жағында отырып басқаруға машықтанған. Жаңа технологияны әбден меңгерген қылмыскерлерді анықтау, қолға түсіру, жауаптылыққа тарту бұрынғыдан да күрделене түсті. Әсіресе, мұндай қаржы алаяқтарының әрекетін елге белгілі тұлғалар, әншілер, блогерлердің жарнамалауы «жаңа бизнеске» сенетіндер қатарын көбейткенін айта кеткен жөн.

Қоғамда үлкен талқы тудырған бұл мәселе биліктің де назарынан тыс қалмады. Соған орай қаржы пирамидасына тегеурінді тосқауыл жасайтын заңдық тетік жасау бойынша нақты жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы (инвестициялық) пирамидалары қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл құжатта алаяқтыққа, қаржы пирамидаларына қатысты бұрын ескерілмеген мәселелерге толық құқықтық жауап берілген. Мәселен, заңда қаржы пирамидаларын жарнамалау да қылмыстық әрекет ретінде танылып отыр. Соған орай, енді «мұның пирамида екенін білмей қалдым», «Жарнама жасағаным болмаса, алаяқтыққа қатысым жоқ» деп танымал адамдардың өз әрекетін ақтап алуына жол берілмейді. Жарнама дегеннің өзі бейтаныс тауарды, қызметті жұртқа таныстырып, өткізу үшін, табысты еселеу үшін қолданылатын инструмент. Де-

мек, танымал адам жарнама жасау арқылы заңсыз істің жұртқа танылуына, қылмыскерлердің жымысқы әрекетінің жүзеге асуына атсалысып, көмек беріп отыр. Халық өзіне бейтаныс кәсіпке, қызметке әншінің беделіне, айтқан сөзіне сеніп қаржы салуы мүмкін. Елдің алдында жүрген адамдардың жарнамасы және ол үшін жазаның болмауы алаяқтардың құрбанын көбейте түскені шындық. Ендеше, заңда жарнама жасаушыларға қатысты жауаптылықтың белгіленуі өте орынды.

Жалпы, қаржы пирамидасы – таза алаяқтық ұйым. Заңдағы шикіліктерді өз мүддесіне пайдаланғандар аңқау жандардың есебінен тез байиды. Өкінішке орай, қаржы пирамидасына салынған ақшаны қайтару мүмкіндігі жоққа тән. Себебі, ол ақша екінші деңгейдегі банктерге салынған депозиттер секілді кепілдендірілмеген. Олардың лицензиялары жоқ. Бұл ұйымдармен жасалған келісім заңсыз және шетелдіктерге тиесілі болғандықтан, салынған ақша негізінен қайтпайды. Сондықтан тұрғындар қаржылық жағынан сауатты болу керек. Қазір осындай ұйымдар атақты қаржыгерлер атын немесе компанияларды пайдаланады. Олар да мұндай әрекетке дер кезінде тосқауыл қойып, өздеріне қатысты берілген осы сипаттағы ақпараттарды түрлі платформаларда теріске шығарып, халықтың адаспауына мүдделі болуы тиіс.

Ал сот судьялары өз тарапынан азаматтардың құқықтық, қаржылық сауатын арттыру бағытында ақпараттық, түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүзеге асырып келеді. Сонымен бірге, қаржы пирамидасы, алаяқтық істері бойынша өткен сот отырыстары туралы кеңірек жазып, азаматтарды қылмыс құрбаны болудан сақтандыруды мақсат етіп отырмыз.

**Талант ТІЛЕП,
Қызылорда қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы**

АДВОКАТ ПЕН ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНА ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ



Адвокат - бұл жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы заңымен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Адвокат көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде заң көмегін сұрап өтініш жасаған

тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және барлық мемлекеттік органдардан, жергілік-

ті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға құзырлы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға, процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға, заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға мүмкіндігі бар. Бұдан бөлек, адвокаттың мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің заңсыз шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге, егер бұл анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде, сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ, әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен танысуға, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға тиіс. Бұған қоса, адвокат татуластыру рәсімдерін жүргізуге, кешенді құқықтық көмегін көрсетуге, заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Адвокатты тәртіптік жауаптылыққа тартуды адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады. Адвокаттардың тәртіптік

комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) сайлайтын және оған есеп беретін, адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады. Бұл адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсімін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Комиссияның өкілеттік мерзімі төрт жыл. Тәртіптік істі комиссия бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде қарайды. Тәртіптік іс жүргізу адвокат еңбекке уақытша жарамсыз болған және ол іссапарда болған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін. Тоқтата тұру мерзімі тәртіптік істі қараудың жалпы мерзіміне қосылмайды. Тәртіптік істі қарау кезінде адвокаттардың тәртіптік комиссиясы өзінің отырыстарына шағым жолдаған тұлғаларды, сондай-ақ, адвокаттар алқасының өздеріне қатысты шағымдар қаралатын мүшелерін шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оның міндетті түрде қаралуы әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген тұлғалардың келмеуі тәртіптік іс жүргізуді қарауға кедергі болмайды.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқаларының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті негіздердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болып табылады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының тәртіптік жазалау шаралары әртүрлі.

Ол ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түрінде болады. Сонымен қатар, адвокаттық қызметке байланысты заңдарды бұзып, біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан өз кәсіптік міндетін орындай алмаған жағдайда, мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемеген кезде, алқаның жарғысында көзделген өзге де жағдайларда адвокаттың кәсіби қызметі тоқтатылады.

Адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін адвокаттар алқасының әрекеттері (әрекетсіздігі) және оның басқару органдарының шешімдерін бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) және шешімдерге Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтуға құқылы.

Ал жоғары құқықтық білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған, аттестаттаудан өткен, заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты болып табылады. Заң консультанты заң көмегін дара кәсіпкерлік түрінде жеке практикамен айналыса отырып не дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз, сондай-ақ, заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде дербес көрсете алады. Заң консультанттары палатасының қағидалары мен талаптары «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған.

Палатаның мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады. Заң консультанттары палатасының мүшелеріне жазалар қолдану, оларды алып тастау және шағым жасау тәртібі палатаның жарғысында және қағидаларында айқындалады.

Палатаның әрекеттері (әрекетсіздігі),

оның басқару органдарының шешімдері заң консультанттары палатасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), шешімдерге уәкілетті органда немесе сотта дау айтуға, сондай-ақ, өзіне келтірілген зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

Заң консультанттары палатасы Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады. Шағым түскен кезде, егер шағымды заң консультанттары палатасы бұрын қарамаған жағдайда, уәкілетті орган оны тиісті палатаға жібереді. Егер шағым палатаның қарау нысанасы болған жағдайда, уәкілетті орган жолданымды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарайды.

Шағымды қарау қорытындысы бойынша уәкілетті орган заң консультанттары палатасына нұсқама, ескерту түрінде ықпал ету шараларын қолдануға, сондай-ақ, осы заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге шаралар қабылдауға құқылы. Егер заң консультанттары палатасы уәкілетті органның нұсқамасы, ескертуі бойынша шараларды қабылдамаған немесе уақытылы қабылдамаған жағдайда, уәкілетті орган бұл мекемені заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару түрінде ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселе көтереді. Палата әрекеттерінде (әрекетсіздігінде), оның басқару органдарының шешімдерінде бұзушылық болған жағдайда, сот тәртібімен, Заң консультанттары палатасының тізілімнен шығару түрінде ықпал ету шарасы қолданылуы мүмкін.

**Әділет департаментінің Құқықтық
түсіндіру және халыққа заңгерлік
қызмет көрсету бөлімі
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОНЛАЙН АЛҒАН ТИІМДІ

Мемлекеттік органдарға цифрлық технологиялардың енгізілуі азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электронды форматта жылдам әрі өз бетінше алуға мүмкіндік береді.



Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары тарапынан мемлекеттік қызметтер онлайн-режимінде көрсетіледі. Бұл қызмет-

терді «электрондық-үкімет» www.egov.kz веб-порталы және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы, яғни «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамына, КЕАҚ-на (бұдан әрі - Мемлекет-

тік корпорация) бармай немесе Telegram мессенджерінде бір реттік SMS құпия сөзін енгізіп, «EgovKzBot» сервисі арқылы үйден шықпай, электрондық цифрлық қолтаңбамен алуға болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер: көрсетілетін қызметті берушілер, мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғысы, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы, орталық мемлекеттік органдар айқындаған ақпараттандыру объектілері арқылы көрсетіледі.

«Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру» анықтамасы да мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Азаматтар / Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту / Жұмысқа орналастыру және жұмыс іздеу бөлімінде жүзеге асырылады. Қызметтің орындалу мерзімі - 10 (он) минут, қосымша айқындамалық тексеру жағдайларында - 5 (бес) жұмыс күн.

Бұған қоса «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» бойынша мемлекеттік қызметі де онлайн-режимде көрсетіледі. Бұл қызметті веб-портал «электрондық-үкімет» www.egov.kz арқылы және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алуға болады.

Енді азаматтар өздерінің қалаған мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдап, шетелге шығу үшін анықтама алу жөнінде электрондық сұрау салып, жазбаша, қағаз түрінде жауап ала алады. Сондай-ақ, цифрлық технологияның дамуымен елімізде «Электрондық қылмыстық іс» модулі жұмыс істейді, яғни, электрондық қылмыстық істі дайындауды, жүргізуді, жөнелтуді және сақтауды ұйымдастыруға арналған СДТБТ-ның функционалы болып табылады.

Қылмыстық процеске қатысушыға интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы және өзге де СДТБТ-да бар мәліметтерге, өзіне немесе қорғалатын адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтан қол жеткізуге, яғни, үйден шықпай шағым және өтінішхат беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның жария сектор функционалы жұмыс істейді.

Жария сектор арқылы жұмыс істеу үшін, қылмыстық процеске қатысушыға Интернетке қосылу арқылы, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып жария сектор функционалына тіркелу қажет.

ТАУБАКИРОВ,
Алматы
қаласы бойынша ҚСЖАЕК
бөлім прокуроры

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ҚАЛАЙ КӨРСЕТІЛЕДІ?



Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Сондай-ақ, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Қазақстанның құқықтық негізі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, білікті заңгерлік көмек алу үшін әрбір қазақстандықтың конституциялық құқығына кепілдік береді. Сондай-ақ, мемлекеттің мүдделерін әлемдік аренада ұсыну және қорғауға мүмкіндік береді.

Азаматтарымызға білікті заң көмегін көрсетуде адвокаттардан бөлек, нотариаттық, жеке сот орындаушылары, сот сарапшылары, заң кеңесшілері институтының маңызы зор. Конституцияда әрбір азаматтың құқығының қорғалуына кепілдік берілген. Өкінішке орай, түрлі жағдайларға байла-

нысты барлық азаматтар ақылы заңгерлік кеңес немесе адвокаттық қызмет ала алмайды, сондықтан әлемдік тәжірибеде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың әртүрлі нысаны бар. Мұндай жағдайларда азаматтарға кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестер барысында ұсынылады. Ол оны алуға құқығы бар жеке тұлғаларға көрсетілуі мүмкін.

Азаматтарға кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету – заң көмегінің бірден бір нысандары болып табылады. Алғаш рет Қазақстан Республикасында кешенді әлеуметтік заң көмегі институты 2018 жылы енгізілді. Америка және Еуропа елдерінде бұл институт ұзақ уақыт бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Бұл қоғамдық игілік, халықтың әлеуметтік осал топтарына, сондай-ақ, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға заңгерлік көмек көрсету тұжырымдама-сымен байланысты.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 19-бабында тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен өтеусіз заң көмегі көрсетіледі делінген. Бұл кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін заң консультанттарының палаталары, Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Мұндай мәліметтер уәкілетті органға жіберіледі. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету әлеуметтік жауапкершілікті іске асыру нысандарының бірі болып табылады және ерікті түрде жүзеге асырылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі келесі азаматтарға көрсетіледі:

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға;

- атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;

- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан

соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға;

- басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

- бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

- жасына байланысты зейнеткерлерге;

- қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;

- мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кәмелетке толған мүгедектігі бар адамдары бар азаматтарға көрсетілуі мүмкін.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

Мемлекет кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен ынталандырады. Сондай-ақ, кешенді әлеуметтік заң көмегі ерікті негізде жүзеге асырылатынын және азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейтінін атап өткен жөн.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізу азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін нығайтуға, халықтың құқықтық жауапкершілігі мен заң сауаттылығын арттыруға көмектесетін біздің азаматтарды әлеуметтік қолдау әдісі болып табылады. Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының ба-сым бағыттарының бірі болып табылатынын айта кету керек.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізу – pro bono, сөзсіз, еліміздің азаматтарын әлеуметтік қолдаудың пәрменді әдістерінің бірі.

Тоты БЕРЛІБЕКОВА,
Әділет департаментіндегі
Құқықтық түсіндіру және
халыққа заң көмегін көрсету
бөлімінің бас маманы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елімізде соңғы жылдары техникалық және кәсіптік білім беруге ерекше ден қойылуда. Қазіргі күні жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау, мамандарды қайта оқыту арқылы қоғамға қажетті мамандарды дер кезінде даярлап үлгеру және олардың біліктілігін көтеру – мемлекетіміздің білім беру саясатының басты бағыттарының бірі болып отыр. Шын мәнінде бұл мәселе өте өзекті. Өйткені, ел экономикасының қуаты өндіріс орындарын білікті жұмысшылармен жеткілікті қамтамасыз етуге тікелей тәуелді екені сөзсіз.



Кунзираш АЛИЕВА,
Арал ауданы
индустриалды-техникалық
колледжінің өндірістік оқу шебері

Сондықтан, еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру бағытына барынша мән беріліп, оның қолжетімді болуына, қоғам

сұранысындағы мамандықтарды дөп басып, сапалы, білікті маман даярлау ісіне үлкен көңіл бөлінуде. Негізі мемлекетіміз 2017

жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру ісіне белсене кірісті. Одан бергі уақытта бұл сала барынша жетілдіріліп, кәсіптік білім беру ісінің жекелеген мәселелері шешілуде. Бұл тұрғыда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кәсіптік-техникалық білім бағдарламасы арқылы жыл сайын 100 мың студентті тегін оқытуды қолға алып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен ауылдан шыққан балаларға аса мән берілу керек... Жаңа техникалық мамандықтарды таңдаған кезде еңбек нарығындағы алдағы 10-15 жылдағы қажеттілікті ескеру қажет. Бұл үшін Үкімет жаңа мамандықтардың атласын дайындау керек» деген болатын.

Жалпы, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешу, жас білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыруда кәсіптік білім берудің маңызы жоғары. Осы орайда кәсіптік білім беруде олардың халыққа қолайлы жергілікті жерлерден, аудандардан, шағын қалалардан ашылуы өте тиімді болып отыр. Үлкен қалаға барып оқуға мүмкіндігі жоқ жастар жақын жерден білім алып, кәсіби түрде білікті маманға айналып өзінің өскен өлкесінің кәдесіне жарап отырса несі жаман?!

Осы орайда Арал қаласындағы индустриалды-техникалық колледжі өңірге нағыз қажетті мамандарды дер кезінде дайындап, уақыт қажетін өтеуге тырысып келе жатқанын атап өту керек. Мәселен, Арал теңізінің «Кіші Арал» бөлігін дамытып, аудандағы балық шаруашылығы қолға алынған тұста балық өңдеу кәсібін жолға қою үшін маман дайындауға көңіл бөлінді. Нәтижесінде қаладағы балық өңдеу зауытын қажетті мамандармен қамтамасыз етуге индустриалды-техникалық колледжінің әлеуеті жетті деуге болады.

Қазір оқу орнында арнайы тігінші, техник-технолог, кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері, техник-құрылысшы, электргазымен дәнекерлеуші, техник-элек-

тромеханик секілді және тағы басқа саналуан мамандықтар дайындалуда. Өз ауданымызда қоғам сұранысына лайық маман дайындауда индустриалды-техникалық колледжіміз өз қызметін мінсіз атқарып отыр деп айта аламыз.

Кәсіптік техникалық білім беру ісін жетілдіру үшін түрлі қадамдар жасалуда. Мәселен, кадрларды дайындаудың мамандандырылған жүйесін жасауда ғылыми техникалық прогресстің қазіргі деңгейін ескере отырып, білім беру саласына қойылатын жоғары халықаралық талаптарды да қанағаттандыру мақсатында елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласына жаңа жүйе – дуальды оқыту әдісі енгізілді. Осыған орай, қазіргі қоғамға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде, дуальдау оқыту жүйесін ендіру осы салада нақты біліктілігі мен мамандығы бар кадрларға деген сұранысты арттырады деп күтілген болатын. Дуальды оқыту жүйесі арқылы, білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізді. Әсіресе, оқыту жүйесінің тиімділігі жан-жақты талқыланып, Білім және ғылым министрлігі шетелдердің тәжірибелерін зерттей келе, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне тиімділігін тез дәлелдеді. Нәтиже жаман емес. Қазіргі таңда білім мен тәжірибені қатар ұштастырған мамандар үлкен сұранысқа ие болуда.

Жалпы, дуальды жүйенің негізгі, артықшылығы – болашақ жас маманның оқу орны мен өндірісте қатар оқуы. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату мақсаты болған еді. Бүгінде осы жүйенің арқасында дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайтынына сенім артып келеді. Саладағы жақсы маман дайындауға деген талпыныс өз нәтижесін беруде. Сондықтан кәсіптік білім берудің болашағы зор деп сеніммен айта аламыз!

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

АУДИТОРЛАРДЫҢ ЗАҢ ЖОБАСЫНА НАРАЗЫЛЫҒЫ БАСЫМ

Қаржы министрлігі шілде айында «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын жариялаған болатын. Қазіргі күні қазақстан-



дық аудиторлар осы жобаға өздерінің наразылықтарын білдіруде.

Олардың пікірінше, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялауға әлі ерте. Әрі Қазақстанға бұл келісімді ратификациялаудың еш пайдасы жоқ. Ал, министрлік болса жоба қабылданған жағдайда ол теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық себептерге әкеп соқтырмайды деп сендіргісі келеді.

Алайда, қазақстандық нарыққа қолжетімділік ашылған кезде қазақстандық аудиторлық ұйымдардың клиенттік ба-

засы қысқарып, осыдан теріс әлеуметтік-экономикалық салдарлар туындауы мүмкін. Мысалы, елімізде жыл сайын 7 мыңға жуық компания аудиттелуі тиіс болса, біздегі аудиторлық ұйымдардың саны небәрі 475. Бұдан отандық аудиторлық ұйымдардың азаю үрдісі байқалады.

– «Мәселен, биылғы 12 қаңтарда 484 ұйым болса, ал, 14 қыркүйегіндегі жағдай бойынша олардың саны 475-ке кеміген, – дейді «Аудиторлар алқасы» кәсіби аудиторлар ұйымы басқарма төрағасы Дани-

яр Нұрсейітов. Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институтының сарапшысы Ардақ Жомартованың сөзінше, «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімнің ратификациялануынан туындайтын мәселе көп.

Біріншіден, бұл жаңа аудиторлардың нарыққа шығуына қосымша кедергілер орнатады. Қазақстанда аудиторлық қызмет бойынша кәсіби кеңесті қолданысқа енгізу салдарынан аудиторға кандидаттарды аттестаттау бойынша емтихандар 1 жыл бойы өткізілмеді. Егер бүгінгі күні аудитордың біліктілік куәліктерін алу үшін 9 пән бойынша емтихан тапсыруы тиіс болса, келісім ратификацияланғаннан кейін пәндер саны 15-ке дейін артады. Екіншіден, аудиторлық ұйымдар үшін қосымша міндеттер мен жауапкершіліктерді енгізу керек. Аудиторлық ұйым оның үлкен немесе кіші болуына қарамастан өзінің ресми сайты ашуы тиіс.

Тағы бір жауапкершілік – ақпараттың өзгергені туралы уақытылы хабарламағаны үшін әкімшілік айыппұлдың енгізілуі. Қазір Әкімшілік кодексте есептіліктің уақытылы тапсырылмағаны үшін жауапкершілікті көздейтін 2 бап бар, яғни, оған тағы біреуі қосылады. Онсыз да, соңғы өзгерістерге сәйкес, аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызмет бойынша кәсіби кеңесті жылына 150 млн теңгеге қаржыландырады деп күтілуде.

Үшіншіден, отандық аудиторлар үшін әділетсіз жағдайлармен келісімге мүше мемлекеттердің аудиторлық ұйымдары үшін Қазақстан нарығының ашылуы. Мысалы келісімге сай, мүше мемлекетте аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығын алу үшін аудиторлық ұйымда аудиторлардың саны 3-тен кем болмау керек. Бұл ретте «Аудиторлық қызмет туралы» заңында кемінде 2 аудитордың болуы көзделсе, Беларусь Республикасында аудиторлық ұйымның штатында кемінде 5 аудитор болуы қарастырылған.

Ал, Ресейде қоғамдық маңызы бар ұйымдарға аудиторлық қызмет көрсететін

аудиторлық ұйымдардың құрамында аудиторлардың саны 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде 3, одан кейін кемінде 5 адам болады. Бұл нормадан көріп отырғанымыздай, мүше мемлекеттің аумағында қызметтер көрсету үшін талаптарға сәйкес келудің белгілі бір артықшылығы Ресей және Беларусь аудиторлық ұйымдарында қалады.

Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институты сарапшысының сөзін растаған «Аудиторлар алқасы» басқарма төрағасы орынбасары Владимир Мурашов: «Ресейде 2022 жылдың 31 тамызындағы жағдай бойынша аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлар саны – 2 832. Оның ішінде аудиторлар саны 3 және одан көп компаниялар – 2 463. Ал, Беларусь Республикасында аудиторлық ұйымдардың саны – 71. Қазақстанда қыркүйектегі жағдай бойынша аудиторлық ұйымдар – 475, оның 72 пайызының 2 аудиторы ғана бар. Яғни, келісім ратификацияланған кезде отандық аудиторлық компаниялардың 72 пайызы талаптарға сай болмай қалады», – дегенді айтты.

А.Жомартованың пайымдауынша, келісімді талқылау кезінде саяси жағдай басқаша болды. Бүгінгі таңда әлемдегі жағдай басқа. 2022 жылдан бері Ресейде жеке аудиторлар міндетті аудит жүргізе алмайды. Енді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік ұйымдардан басқа барлық акционерлік қоғамда міндетті аудит алынып тасталады.

Ресейге қарсы жүргізіліп жатқан санкциялар саясатын ескеретін болсақ, бұл ондағы аудиторлық қызметтер нарығының төмендеуіне әкеледі. Сондықтан, Ресейдің аудиторлық ұйымдары жаңа нарықтарды іздеуге мәжбүр. Осы тұста Қазақстанның «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді» ратификациялауы құланның қасуына, мылтықтың басуы дөп дегендей жағдайға әкелмек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
журналист
АЛМАТЫ

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Зайырлы халықтың мәдениеті де жоғары, білім-білігі, парасаты биік болуы тиіс-ті. Өкінішке қарай, соңғы кездері құндылықтарымызға балта шабылып, рухани, діни ұстанымдар мен ислам діні ұстанымдарына қатысты көзқарастар қайшылығы орын алып жүр.



Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміз мұсылман дінінің қағидаларына қарсы келмейтінін байқауға болады. Адам баласына асыл дініміз тыйым салған және рұқсат берген амалдар бар, осы амалдарды әрбір ел шарифат қағидаларына қарсы келмейтіндей етіп өткеріп жүр. Осы ретте салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарды теріске шығару – адасушылық. Жаһандану заманында, әсіресе, жастар көп уақытты ғаламторда,

әлеуметтік желіде өткізеді. Бұл шала сауатты діндар «ұстаздар» үшін таптырмайтын орын. Олар өздерінің теріс бағыттағы ілімдерін жастардың санасын улауға жұмсайды. Бүгін біз осындай наным-сенімі теріс діндарлардың арбауына түсіп, ғаламтор арқылы арбауға алданған жас жігіттің тағдырын баяндаймыз. Ол осындай соқыр фанатизмнің жетегінде кетіп, шетелдік лаңкестердің ортасынан бір-ақ шыққан.

Діни сауатсыздығының кесірінен өмірі тозаққа айналған Айдостың жастық шағы да қиындықта өтіпті. Теріс ағымдағы уағызшылардың да іздегені осындай бейкүнә жастар болса керек. Қазір жастардың көзі ашық дегенімізбен, оларды өз тілінде арбаушылар да жетіп артылады. Айдос та өзінің небәрі 18 жасында осындай теріс бағыттағы діндарлардың торына топ ете түскен. Әлеуметтік желі арқылы танысқан жанашырлары оны содырлардың ортасына түсіреді. Ол оңтүстіктің тумасы, жасынан қазақша өсіп, нағыз қазақы тәрбие алған. Отбасындағы балалардың үлкені, өзінен кейін бір інісі мен бір қарындасы бар. Анасы мен әкесі де толыққанды тәрбиелі отбасынан шыққан азаматтар. Алайда, Айдос ойламаған жерден от басып, Сириядағы соғыс алаңынан бір-ақ шықты. Темір торға түсіп жастық өмірін сарп етті. Әу баста ол сабағын үздік оқып, мектепте спорттық жарыстарға қатысып, үздік жетістіктерге де жеткен. Ғаламтордың сиқырын ол темірторда отырғанда сезінді. Сириядағы үш жылы тозақтың отын кешіп келгенмен теңдей болды оған. Елде жүрген кезде өз бетінше намаз үйреніп, әлеуметтік желіде «жиһадқа» шақыратын неше түрлі үндеулерді көріп, соған сенген ол елден қалай өз еркімен шығып кеткенін сезбей де қалған.

Отбасын «мен Түркияға оқуға кеттім» деп алдап, өзі одан ары шекара асып кете барған. Олар Айдосты ғаламтор арқылы басқарған. Жолын төлеп, ақша салып алдаған олар Айдос секілді талай қыз-жігітті Түркияда тосып алған. Алдымен қаланың көрікті жерлерін аралатып, көңілдеріндегі күдікті сейілткен арбаушылар артынша бұлардың құжаттарының бәрін жинап алған. Сосын қорқытып заңсыз Сирияға алып өткен. Сосын ол жерде Айдос сияқты жан-жақтан келген адамдарды арнайы лагерлерге орналастырып, ДАИШ-тың арнайы мамандарының оқу-жаттығуынан өткізген. Ер балаларды соғыс алаңына жібереді. Айдос 3 жыл сол жерде соғыс алаңында жүріп, бір қолынан айырылып мүгедек болады. Сол жаққа жетіп соғысқа араласқанда ғана Айдостың санасына сәуле түседі. Өзінің

адасқанын, алданғанын ұғады. Жазықсыз төгіліп жатқан қан, себепсіз өліп жатқан балалар, әйелдер, азаматтар, күнде жарылған бомба бәрі-бәрі бүгін де ұзаққа созылған қорқынышты түс секілді. Бірнеше рет оқталып қашып кеткісі келгенмен, қаша алмай қолға түсті. Азапталды, өз ісіне қатты күйінді. Бейбіт еліне, ата-анасына деген сағынышы кеудесін тырнады. Қандай қиындық көрсе де елге ораламын деген үмітін үзбеді. «Жусан» операциясы арқылы әйелдер мен балаларды елге оралтып жатқан тұста Айдос та осы лекке ілініп, елге аман оралды. «Жусан» операциясы – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздік қызметі тарихындағы ең күрделі де ауқымды шаралардың бірі болды. Біздің елдің қауіпсіздігі тарихында ғана емес, халықаралық деңгейде деуге келер.

Сириядағы соғыс аймағынан отандастарымызды елге қайтаруға бағытталған «Жусан» операциясының бірнеше кезеңі отандастар үшін өте сәтті аяқталды. Ол Қазақстан Президентінің халықаралық аренадағы жоғары беделінің және еліміздің бейбітшілік бастамалары, қағидаттары негізінде жүзеге асты.

Қылмыстың өтеуі – жаза, Айдос елге оралған соң өзінің жасаған қылмысын мойындап жауапқа тартылды.

Ол елге 21 жасында оралып, темір тордың ар жағында жазасын өтеп отыр. ҚР ҚК-нің 257-бабының 2-бөлігі бойынша Сирия елінде ДАИШ-тың арнайы мамандарының жаттығуынан өтіп, қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырылды. Айдос өзінің жасаған әрекетіне қатты өкінеді, өзі сияқты жастарды адасып қалмауға, өзінің елін жерін отанын қорғауға, арзан жылтырақ заттарға қызықпауға, ата-анасын сыйлауға және өзінің салт-дәстүрін сыйлауға шақырады.

Діни экстремизмге тосқауыл қою, терроризмге қарсы жалпы қоғам мен мемлекет болып бірлесе күресу маңызды. Адасып білімсіздік кесірінен кетсе де олар заң алдында жауап беруі керек.

Қандай да бір ақтау, аяу деген болмау қажет. Осы зұлматтағы балалардың, әйелдердің жағдайы тіпті бөлек, оларға мемле-



кет өз тарапынан гуманитарлық ұстаным бойынша көмегін көрсетіп жатыр. Алданып қалғандарға кешірім жасау керек те шығар, алайда қолына қару алып, біреудің өмірін қиған көзсіз фанатизмнің салдарынан соғысқа білек сыбана кіріскен болса оны кешіруге болмайды. Заң қатал болуы керек және азаматтар өздерінің Отан алдындағы жауапкершіліктерін сезінуі тиіс. Адамдар арасында осындай ұстаным қалыптасуы керек. Қылмыс жасады ма заңмен қудалануы қажет. Бұл «Терроризммен күресте – тек мемлекет қана күресіп қоймай, әрбір сол мемлекетте тұратын адамдар жалпы қоғам болып күресу керек. Кейбіреулер бірдеңе бола қалса, құқық қорғау органдары қайда қарады, арнайы қызметтер қайда болды деп шулай жөнеледі. Сонда бұл мәселедегі ата-ананың жауапкершілігі қайда? Елдегі діни сауаттылықты арттыру керек. Ислам діні адамзат баласын жақсылыққа бастайтын ең сенімді, ең ізгілікті дін. Осы дінді дұрыс ұстаған адам ғана дұрыс жолда бола-

ды. Ислам дінін ХХІ ғасырда адамдар әртүрлі түсінеді. Ең өкініштісі, осы асыл дінімізді бұрмалайтындар да аз емес. Бәрі айналып келгенде иманның жоқтығы, діни сауатсыздықтың кесірі.

Дін арқылы кез келген адам психологиялық тыныштыққа ұмтылады және жүрегіне тыныштық табады. Адамның рухы бір нәрсеге сенуді қажет етеді, сол арқылы қуаттанады. Дұрыс дін адам баласын жақсылыққа жетелейді, адамдар болашақтан тек қана жақсылық күтеді. Сондықтан қоғамдағы әрбір отбасы мүшелері азды-көпті болсын діннен хабардар болуы керек. Білім беру орындарында жастарға дәстүрлі діни мәліметтердің көбірек айтылғаны абзал. Сол себепті де бәріміз ата-бабамыз ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінін насихаттауымыз қажет. Жат пиғылды діни ағымдарға қарсы тұру – парыз.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
Алматы қаласы

ЖАЗАНЫ БЕЛГІЛЕУ – КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау әр судья үшін сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі сатысы болып саналады. Себебі, таразының бір шетінде айыпкердің тағдыры мен оның болашағы, бір жағында қандай да бір жәбір көріп, араша сұраушы жәбірленуші тұрғанда, таразының басын тең ұстау кез келген судьяға оңай соқпасы анық. Әрбір істің артында адамдардың тағдыры бар. Сондықтан «Заң - судьяның құралы, көздегені - әділдік» деген ұстанымда болып, әділ шешім шығару процесі көп еңбекті талап етеді.



Сотқа басына іс түсіп, әділетсіздікке ұшыраған, құқығы бұзылған жандардың ғана келетіні анық. Сан соғып алданғандар, шындық іздеп шарқ ұрғандар ақиқатқа араша болады деп сеніп келеді. Соттан әділдік іздегендердің үміті мен сеніміне қаяу түсірмей, сенім үдесінен шығу – әрбір судья үшін міндет.

Сот жаза тағайындау барысында ҚР Конституциясын, Қылмыстық кодексін, өзге де ҚР заңдарын және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын басшылыққа алады. ҚР Конституциясында белгіленгендей, барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және

қылмыстық жазаға тартыла алмайды. Сотпен жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, яғни жасалған қылмысқа байланысты жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ, тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Сонымен қатар, сот қылмыстың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін де ескереді.

Қылмыстық кодексте жеке адамға, отбасы және кәмелетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне, меншікке, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы, т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтар көзделген, яғни, сот жаза тағайындау барысында жасалған қылмыстың түрлеріне де назар аударылады.

Сотпен қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жаза лау шараларын тағайындау міндетті түрде талқыланады.

Сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар, сондықтан олар жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеледі. Сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтер де анықталады.

ҚК-нің 53,54-баптарында көзделгендей жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетеді. Ал ҚК-нің 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін тиісті бапта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ, топтың жасаған қылмысына сыбайлас қатысушы топтың жасаған қылмыстарын ашуға белсене жәрдемдескен кезде ғана жол беріледі. Сондай-ақ, ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін осы кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің: онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – жартысынан; ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен; аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен асыруға болмайды.

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау ҚК-нің 56-бабында көзделген, яғни қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін осы кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе

мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды, ал қылмысқа оқталғанды жаза мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды.

Сонымен бірге, қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ, жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес, егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады. Сонымен бірге, кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, сондықтан оларға жазаның ҚК-нің 81-бабында көрсетілген түрлері ғана қолданылады және олардың мерзімдері мен мөлшері осы бапта белгіленген шектерден аспауға тиіс.

Сотпен жоғарыда көзделген жаза тағайындау қағидаларының, ережелерінің сақталуы, оның дұрыс қолданылуы, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес шешілуінің негізі болып саналады. Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің 49-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Президентінің атына сотталушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Президенті тағайындаған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру жөнінде ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мемлекеттік награда екенін анықтау үшін «ҚР Мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы №2676 Қазақстан Республикасының заңы басшылыққа алу қажет.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген экономикалық қызмет саласында және қаржы ұйымдарындағы қызмет мүдделеріне қарсы, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы, сыбайлас жемқорлық және көліктік қылмыстар жасаған адамдарға қатысты ерекшеліктерді ескеруі қажет. Егер ҚК-нің Ерекше бөлігі тиісті бабының санкциясында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көзделмесе, сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оған ҚК-нің 50-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша осындай қосымша жаза тағайындау туралы мәселені талқылауға тиіс.

Жазаны белгілеу кезіндегі осындай күрделі процесс уақытында сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына жүгінуі керек. Қазақтың бас ақыны Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай атамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Себебі, бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз хәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БӨЛШЕКТЕЛГЕН ӨМІР



Көршілер тағы да шу шығарды. Тыныштық орнап тұрған аула бір сәтте азан-қазан болды. Адамдар әлденені қоршап алыпты. Дауыстары қатты шығады. Бәрі ашулы күйде. Балалардың кетуін талап етіп жатыр.

Терезеден қарап тұрған Маржанның іші қылп ете қалды. Бірдеңені сезгендей, жүрегі аузына тығылды. Таяғына сүйеніп, баяу жүрісімен үйден шықты. Аяғының ауыратыны бар еді, баспалдақтан түскен сайын сыздатып барады. Сонда да сылтып басып,

адамдар жиналған жерге жетті. Маржанды көріп, көршілер жол берді. Қаумалаған жұрттың арасынан баласын көрген ананың жүрегі езіліп кетті. Көз жасы ыршып түсті. Қу жалғыз тағы да мысықтың ішін жарып, мүшелерін бөлшектеп тастапты. Онсыз да аурудан көз ашпай жүрген жарымжан жанның тынысы тарылғандай болды. Жиналғандар: «Балаң бұзық, органдарға хабарлаймыз. Осымен екінші рет! Не сұмдық!» – десіп жатыр.

Маржан ағыл-тегіл жылап, көршілеріне жалынды. Кешірім сұрап, енді қайталанбайтынын, баласын қадағалайтынын айтты. Жалғызбасты ананы аяды ма, жиналғандардың екпіні басылды. Дегенмен, ойын баласының мұндай қылығынан шошынып, бас шайқасты.

Содан бері көп уақыт өткен. Көршілер Маржанмен араласуды қойды. Оқиға мектепке де жетіп, баланың жүріс-тұрысы қатаң бақылауға алынды.

Маржан күйеуі екеуі саудамен айналысып, шаруаларын дөңгелетіп жүрген еді. Сауданың аты сауда ғой, бірде бар, бірде жоқ. Бір күні қатты тарығып, қаладағы аты шыққан процентщиктерден қарыз алуға тура келді. Барлық бәле содан басталды. Межелі уақытта қарызын қайтара алмады. Процентщиктер адам аямайтын қанішерлер болып шықты. Маржанның үйіне баса көктеп кіріп, күйеуінің мойын тұсынан пышақпен аяусыз соққылап, өзін аяғынан жаралы етіп кетті. Бәрі баланың көз алдында болған. Әкесінің қанға тұншығып өліп бара жатқанын, анасының қансырап жылағанын сәби жүрек көрген еді.

Күйеуі қайтыс болып, аяғынан ауыр жарақат алған Маржан мүгедек болып қалды. Кейіннен әупірімдеп жүріп, таяқпен жүретін жағдайға жетті.

Өз-өзімен алысып жүргенде, Маржан баласының бойындағы өзгерісті байқамапты. Алғашында шыбын-шіркейлерді қуып жүріп, өлтіріп, жинап көметін. Өсе келе, құрт-қоңыз, кесіртке дегендерге жаудай тиіп, бөтелкенің сынықтарымен турап тастайтынды шығарды. Шырылдап жүріп, ол әдетін де қойдырған еді.

Енді өсе келе, мысықтарды бауыздап, мүшелерін бөлшектеп қоятынды шығарыпты. Мұндай жағдай екі рет қайталанды. Жазығы жоқ жануарды сойып, жалаң қолымен қалай ішін ақтарған?! Бала жүрегі ештеңеден қорықпаған ба?!

Осындай ойлармен Маржан әр күнін арпалыспен өткізетін еді. Сөйтіп жүргенде, уақыт зымырап өте шықты.

Маржанның баласы мектепті бітіріп, медицина саласына оқуға түсті. Байғұс ана бұл мамандықты өзі таңдады. Жалғызын жамандыққа қисын ба?! Баласының елді дүрліктірген әрекеттерін қызығушылыққа балап, жақсы хирург шығады деп топшылады.

Баланың аты Мұрат еді. Тұйықтау. Ешкіммен араласа қоймайды. Сабақ үлгерімі орташалау болса да, адам ағзаларын зерттеуге ерекше қызығушылық танытатын. Оқу барысында бірнеше рет моргке де барып, мүрделерді өз көзімен көрді. Сосын оқытушыларға ыңғайсыз сұрақтар қойып, шошытып қоятын. Дегенмен, оған ешкім аса мән бере қоймады.

Курстан курсқа өтіп, адамның ішкі органдарын терең зерттеген сайын Мұрат біртүрлі бола бастады. «Адамның жаны шығып жатқанда, дауысы қандай болады?», «Адам қанша уақытта өліп болады?» – деген сұрықсыз сұрақтар ойында жүретін. Одан үйге келіп, интернетті ақтарады. Түрлі шетелдік ақпараттарды оқиды. Сөйтіп, түн жарымында сансыз ойларға көміліп ұйықтап кететін.

Мұрат пен Айжан көрші тұрады. Екеуі бір топта оқиды. Сабаққа бірге барып, бірге қайтады. Ешкімге ашыла қоймайтын Мұрат Айжанмен ғана тіл табысқан. Түрлі тақырыпта сөйлеседі. Әңгіме арасында Мұрат өзін мазалаған сұрақтарды оған да қоятын. Ондайда елгезек, ақкөңіл Айжан: «Өй, жынды, сенің де ойламайтының жоқ екен...» – деп қоя салатын.

Уақыт өте келе Мұрат пен Айжанның достығы махаббатқа ұласты. Жігіт қыздың жүрегін жаулауға тырысты. Романтикалық қадамдар жасады. Санасын жаулаған жағымсыз ойлардан арылып, бар көңілін сүйіктісіне арнады. Ата-анасынан жырақта

жүрген Айжан да Мұраттан ерекше қамқорлықты сезінді. Жүрегі жылынып, сезімі оянды.

8 наурыз мерекесі жақындап қалған. Екеуі бұл күнді бірге атап өтеміз деп келісті. Межелі уақытта қала орталығындағы үйлердің бірінен пәтер жалдап алды. Жинап жүрген ақшаларын қосты да, дастарқанды жайнатып жіберді. Қызыл шарап та әкелінді. Бір демалғанымыз болсыншы дегендей, екеуі бұл кешке барынша дайындалды. Тамақтанып, шараптан алып отырды. Қызу әңгіме айтылды. Мұрат жүгіріп барып, дүкеннен тағы бір-екі бөтелке шарап алып келді. Екеуі ішімдіктің буына әбден түсті.

Айжан басы айналып жата кетті. Өмір керемет болып сезілді. Мұрат та аяғынан әзер тұр. Диван үстінде жатқан сүйіктісіне қарады. Жібек көйлектің ішінен қыздың сұлу мүсіні анық көрініп тұр. Қолаң шашы жастыққа төгіліп, еріндері дірілдеп, әлденені айтып жатқандай. Бұл көрініс Мұраттың басын айналдырды. Күнде қасында жүрген қыздың әдемілігін бүгін ғана көргендей болды.

Мұрат Айжанның көйлегінің түймелерін асығыс шешіп, омырауынан, еріндерінен сүйе бастады. Алқынып, құшырлана сүйіп жатыр. Тоқтар емес. Алғашында қыз еш қарсыласпады. Күлімдеп, талықсып жатты. Бейне бір өзіне де ұнап жатқандай. Мұрат қыздың етегін көтере бастады. Осы сәтте Айжан есін жинап алды. «И-и, Мұрат, не істеп жатырсың?! Сен маған тиіспеймін деп уәде бердің ғой...» – деп тартына бастады. Алайда, Мұрат қояр емес. Қыз барынша қарсыласты. Әлі келмеген соң, айғайлай бастады. Мұрат дереу бір қолымен қыздың мойнынан ұстап, екінші қолымен ернін басты. Дауысы көршілерге естілмесін дегендей, бар күшімен қаттырақ қысты. Айжан болса, қолымен Мұратты ұрғылап, берілмеуге тырысты. Дәл осылай арпалысқан күйі екеуінің қанша уақыт жатқаны белгісіз.

Шақырайған күн Мұраттың бетіне түсті. Көзін ашқысы келмей, теріс қарап жатып алды. Сәлден соң, есіне бірдеңе сап ете түскендей, көзін қайта ашты. Түсініксіз күйде. Қараса, Айжанның үстінде жатыр.

Жәйлап орнынан тұрды. Қыздың бетінен сипап, ернінен сүйді. Әрі-бері түртіп, оятып көріп еді. Сүйіктісінің қозғалар түрі жоқ. Іші қылп ете қалды. Дереу тамырын ұстап, жүрек қағысын тыңдап көрді. Шошып кетті. Айжанның жүрегі соқпайды. Басын ұстаған күйі отыра кетті. Аяқ-қолы дірілдеді. Кешегі кеште шараптың буымен сүйіктісін тұншықтырып өлтіріп алғанын түсінді.

Мұраттың жан дүниесі астаң-кестең. Уақыт тоқтап қалғандай көрінді. Не істерін білмеді. Орнынан тұрды да, басы айналған күйі кешегіден қалған шарапты тартып жіберді. Айжанға қарады. Байғұстың денесі сіресіп қатып қалыпты. Кеше ғана екеуі бақыттан басы айналып, күліп-ойнап жүр еді. Бір күнде не болғанын қарашы?!

Мұраттың мастығы енді тарқағандай. Ұзақ ойланып отырды. Кішкентай кезінде мысықтарды бауыздап, мүшелерін бөлшектеп тастайтыны есіне түсті. Дереу телефонын алып, ғаламторды ақтарды. Бұған дейін де адам өліміне қатысты ақпараттарды көп іздейтін еді. Үйреніп қалған қолымен асығыс іздеу тетігіне «Мәйіттен қалай құтылуға болады?» деп жазды. Көп күттірмей мүрдеден құтылатын жолдарды көрсететін сан түрлі ақпараттар атып шықты. Мұрат терең дем алып, өзіне сай келетін нұсқаны іздегендей болды. Әрі-бері қарап, ақыры, керегін тапқан сияқты. Көзін алмай оқи бастады...

Кенет бірдеңеден күш алғандай, орнынан атып тұрды. Асханадан пышақ, қайшы, балға сияқты заттарды тауып алды. Айжанға жақындап келіп, төгіліп жатқан қолаң шашын қия бастады. Сосын тырнақтарын кесті. Адам өлімін күнде көріп жүргендей, өзін салмақты ұстады. Бағанағы қорқынышы мен дірілі басылған. Еш саспады.

Содан бері арада бір апта уақыт өтті. Хабарсыз кеткен қызды ата-анасы, оқытушылары мен достары шарқ ұрып іздеді. Мұратты да таппады. Жастардың жоғалғаны туралы хабар бүкіл қалаға тарады.

Іздеу жұмыстарының нәтижесінде, Мұрат қала шетіндегі ескі үйлердің бірінде ұйықтап жатқан жерінен ұсталды. Сақалы

өсіп, түрі қашып кеткен. Қолы күстенген. Киімдерінен қан іздері байқалады. Полиция қызметкерлерін көрген Мұрат: «Мен оның етін жеген жоқпын... жеген жоқпын...» – дей берді.

Тергеу барысында Мұрат өзін өте байсалды ұстады. Болған жағдайды түгелдей баяндады. Кінәсін мойындады. Тергеушілермен бірге, Айжан екеуі жалдаған пәтерге келді. Сол жерде оқиғаның жәй-жапсарын айтып, барлығын көрсетіп берді.

Мұрат сүйіктісін өлтіріп алғанын түсінгеннен кейін, қылмыстың ізін жасыру үшін ғаламтордан оқығаны бойынша алдымен қыздың басын, аяқтары мен қолдарын кесіп алады. Терісін етінен ажыратып, тістерін сындырып, саусақтарын турап тастайды. Сосын оларды суға салып, ұзақ қайнатады. Біраз уақыттан кейін қыздың дене бөліктерінен тек сүйектері ғана қалады. Мұрат оның барлығын бірнеше пакетке бөліп салып, қаланың әр жерінде орналасқан қоқыс жәшіктеріне апарып тастайды. Сөйтіп, бөлшектеліп қалған мүрдені ешкім тауып ала қоймас деп ойлайды. Алайда, ойы қате болып шықты. Полиция қызметкерлері бейкүнә қыздың сүйектерін қаланың әр түкпірінен тауып жатты...

Ұнатып жүрген қызын өлтіріп, денесін аяусыз қорлап, суға қайнатқан Мұраттың қылмысы қаланы дүрліктірді. Жұрт жаға-

сын ұстады. Бауыр еті баласының мұндай жауыздығын естіген Маржан есін жиымастан, тіл тартпай өмірден өтті.

Қылмыстық іске тіркелген құжаттардың бірінде Мұраттың психологиясы бала күнінде бұзылғаны, содан қанға құмарлығы пайда болғаны, қыздың денесін асықпай бөлшектегені, суға қайнатып, сүйектерін қоқысқа апарғанда да өзін сабырлы ұстағаны, мұндай қылмысты жасауға саналы түрде дайын болғаны көрсетілді.

Үкім оқылып, 25 жылға сотты болған Мұрат айналасына түсініксіз көзбен қарап тұрды. Кішкентай күнінде әкесінің қанға тұншығып өліп бара жатқанын көрген сәби жүрегі адам өлтіру қалыпты жағдай деп қабылдап қалған еді...

Сот отырысынан кейін психолог: «Баланың жүрегін кішкентай күнінен таза сақтау керек. Қатыгездікті, жауыздықты көрсетуге болмайды. Олар бәрін тез қабылдап, жаттап алады. Санасында қалып қояды. Психологиясы бұзылады. Балалық сезімі жоғалады. Сол себептен, жүректі сақтаңыздар...» – деп сұхбат беріп жатты.

**Нұргүл НҰРБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы
Байқоңыр қалалық сотының
бас маманы.**

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.11.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.11.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 22. Таралым 1012.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»